2. **Траекторияны өзгертіп.** Жаттығу жоғарыдағыдай, тек доптың ұшу траекториясы өзгеріп отырады.

3. **Допқа қарсы.** Екі әріптес жаттығады. Олар бір-бірінен 10м қашықтықтықта орналасады. Бір-біріне доп лақтырады, кеудемен ұмтылыс жасап тоқтатады.

4. **Қозғалыспен тоқтату.** Жаттығушылар екеуден бөлінеді. Дыбыс бойынша олар алаңда алға, артқажүріп отырады. Біреуі допты лақтырады. Ал оны кеудемен тосып, аяққа түсіреді. Осылайша қайталай береді т.с.с.

5. **Соққыдан соң.** Жаттығу жоғарыдағыдай, тек мұнда доп қолмен емес аяқ соққысымен беріледі.
6. **Серпілістен кейін.** Ойыншылар екіден жаттығады. Олар жерден серпілген допты кеудемен тосу арқылы тоқтатады.
7. **Допты көтеріп тебуде.** Шабуылшы А және В, қорғаушы С және Д барлығы қақпа аймағына жақын орналасқан. А допты төбеден асырып В береді. Ол допты кеудемен тоқтатып, айып алаңына кіреді де , допты қақпаға соғады. С және Д бірінші әрекетсіз тұрады, кейін ойынға араласады.
8. **Үшбұрыш.** үш ойыншы жаттығады. Олар алаңда үшбұрыш түзе орналасады. Екі ойыншыда доп бар. Олар допты 3-ші ойыншыға лақтырады. Ол кеудесімен тоқталып отырады.
9. **Бұрылыспен.** Дәл жоғарыдағыдай орындалады. Тек допты тоқтатуда ойыншы 90-45°-қа бұрылыс жасайды.

## II. Балаларға қойылатын талаптар.

Қазіргі футболда дриблинг өте кеңінен қолданылады. Дриблинг еркін позицияға шығу үшін қолданылады. Ал ендіру өрдің ішкі және сыртқы бөлігімен, табанның ішкі және сыртқы бөлігімен, табанның ішкі бөлігімен беріледі.

1. **Жай дриблинг.** Допты түзу бойымен жай темппен әр қадам сайын аяқпен түртіп отырып беріледі.
2. **Аяқпен кезектесе.** Дәл жоғарыдағыдай. Тек аяқты кезектестіріп отырып беріледі.
3. **Шеңбермен.** алаңда 5-6м шеңбер сызылады. Ойыншылар допты алып жүруде жаттығуды сағат тілімен – ішкі өрмен, сағат тіліне қарсы-сыртқы өрмен жасайды.
4. **Коридормен.** Алаңда 25 м ұзындықта коридор белгіленеді. Ені 1 м. Осыдан шықпай допты алып жүру.
5. **Шеңбер ішінде.** Алаңда 7 – 8 м диаметрлі шеңбер созылады. Оның ішіне тағы бір шеңбер. Екі шеңбердің арасы 1м. Ойыншы осы 1м арасынан шықпай, допты алып жүру керек. Жылдамдығы біртіндеп артылып отырады.
6. **Басты көтер.** Жаттығушылардан 20м қашықтықта бағана орнатылады. Дыбыс бойынша олар 5-6м интервалмен допты алға апарды.
7. **Бағытын өзгерте.** Алаңда бөлімше құрылады. Ойыншылар сигнал бойынша бір-біріне соқтықпай допты алып жүре бастайды, ол үшін ойыншылар үнемі бағыттарын өзгертіп отырулары керек.

Мұнда негізгі қате болып доп аяқтан қатты серпілуі және көзді доптан алмау. Мұны жою үшін 6-шы жаттығуды жасау керек.

Ойын барысында футболшылар *жалған қозғалыстар* да жасайды. Оның мақсаты- допты қарсыласынан сақтап қалу. *Финт* мағынасы футболда ерекше орын алады. Бастауыш футболшыларға мұны үйретуде допсыз жасалатын жаттығулардан бастаған жөн.



1. Жай жүгірістен соң оңға (солға) ұмтылыс жасау.
2. Қатты жүгірістен соң бірден тоқтап ұмтылыс жасау.
3. Қозғалыс бағытын үнемі өзгерте отырып ағаштар арасымен жүру.
4. Ұмтылыс жасау, жанына құлау т.с.с.
5. Бағаналар арасымен жүру.
6. **Квадратта жүгіру.** Алаңда 4 метрлік квадрат сызылып оның ішіне 8-10 жаттығушы кіреді. Сигнал бойынша барлығы араласа бастайды. Жаттығу ұзақтығы 20-30 с.
7. **Кеудемен жалған қозғалыс жасап үйретеді.**
8. **Бағана жанында.** Екі ойыншы жаттығады. 2м диаметрлі шеңбер ортасына бағана қойылады. Ойыншының бірі аталған қозғалыс арқылы із кесушіден өтіп кетуге ұмтылады, бірақ шеңберден шығуға болмайды. Период бойынша орын алмасады.

Финт «допты тебуге аяқпен алдамшы серпіліс» бұл финтті қарсыласпен және қарсылассыз үйренуге болады (бағана, жалау, доп қажет). Футболшы допты алып келе жатып едергіге жақындағанда 2-3 м қалғанда допты оңға қарай тебу әрекетін жасай, өзі доптың қозғалысын тоқтатпай сол жаққа қарай алып кетеді, немесе керісінше.

Финт «жалған тоқтату». Бұл қабылдау екеуден жасалады. Әріптестер 8 м қашықтықта тұрады. Біреуі допты жолдасына бағыттайды. Оған 1,5-2 м жетпей, ол бірден тоқтап, допты табанмен жерге тірейді. Ары қарай тез арада аяқты көтеріп қозғалысты жасай береді.

Финт «допты таста». Жаттығу екеуден орындалады. Қарсыласына жақындаған ойыншы допты оның оң жағына жүгіртіп жіберіп, өзі сол оң жағынан өтеді.

Финт «денесімен көрсету». Ойыншы орташа темппен допты қарсыласына әкеледі. Одан 2-2,5 м қашықтықта ол денесін бірден оңға бұрып, допты керісінше солға жібереді.

Финт «доппен бірге өту». Бұл қарсыластан құтылуға тиімді. Қарсыласқа жақындай беріп, ойыншы аяқты көтеріп, кеудені сонда бұрады. Ал допты басқа аяқтың өрімен өткізіп жібереді.

Финт «шетке қарай ұмтылу». Допты алып келе жатып қарсыласқа 2 м қалғанда сол аяқпен серпіле оңға алға қарай ұмтылып қарсыластың да солай қарай ұмтылған әрекетін байқағаннан кейін аяқ өрінің сыртқы жағымен қарсыластың жанынан допты алып өту, допты ары қарай алып жүруді жалғастыру.

### **III. Қозғалыс әрекеттерін оқыту, оқыту процесінің құрылымы.**

Футболдан оқу жаттығу және жарыстар жыл бойы өтетін болғандықтан, климаттық және метрологиялық жағдайлардың жиі өзгеріп отыруы, дененің шынығуына ағзаның қарсы тұруын көтеріп және бейімделу мүмкіншілігін кеңейтуге септігін тигізеді.

Спорттың басқа түрінен өткізілетін жаттығуларда, көбінесе қосымша спорт түрі ретінде футбол ойынын қолданылады. Бұл дегеніміз футбол дененің дамуына ерекше әсер етеді, таңдаған спорт түрі бойынша жақсы дайындыққа септігін тигізеді. Футбол ойыны жалпы дене дайындығының жақсы бір құрал болып қызмет атқарады. Әр түрлі бағытты өзгертіп жүгіру, түрлі секіру, құрылымы жағынан әртүрлі сипаттағы дененің қозғалысы, допты алып жүру, қозғалыс жылдамдығы, ерік сапасының дамуы, тактикалық ой – осының барлығы жиылып көптеген бағалы сапаларды жетілдіреді.

Біздің бұл зерттеуіміздің маңыздылығы. Олимпиядалық ойындардың қатарындағы футбол ойыны бойынша Қазақстан футболшыларының дене – күш, техникалық және тактикалық дайындығын жетілдіру, жаттықтыру әдістемесіндегі әлі пайдаланылмаған қордағы жаңа мүмкіндіктерді іздестірумен тығыз байланысты. Сондай мүмкіндіктердің бірі болып футболшылар ағзасының оқу-жаттығу жүктемесіне жеке бейімделуі.

Футболдан оқу-жаттығу, жарыстар жыл бойы әртүрлі климаттық және метрологиялық жағдайлардың лезде өзгеріп отыруына қарамастан өткізіліп, соған ағзаның бейімдігін, мүмкіншілігін және қарсы тұру қабілеттілігін арттыруды қажет етеді.

Футбол ойыны бүкіл дүние жүзі халқының жан тәнімен құмарта шұғылданатын үлкен спорт түрі.

Біздің елде де қазіргі уақытта футбол өнері күн сайын даму үстінде. Қазақстан құрама командасы Азия құрылғы федерация құрамынан шығып, бүкіл әлем бойынша күштілер саналатын Европа елдерінің федерацияға мүше болып енді. Бұл өзгеріс Елімізде футбол өнерін дамыту, дене-күш, техникалық, тактикалық, психологиялық және функционалды дайындықтарын жетілдірудің жаңа әдістері құралдарын пайдалануға септігін тигізуде. Елімізде 90-шы жылдарға қарағанда қазіргі уақытта балалар мен жасөспірімдер арасында футбол өнерінің бұқаралық екі есеге өсіп отыр. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіндегі жаттықтырушыларға талап күшейіп келеді. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде бірінші кезекте шұғылданушылардың дене – күшінің және техниканың дамуына ерекше назар аударылады.

Оқу – жаттығу сабағында берілетін жүктеменің деңгейі шұғылданушылардың дене – күшінің ерекшеліктеріне жүктемені көтеру қабілеттілігіне қарай берілуі тиіс.

Сондықтан да оқу – жаттығу процессінде шұғылданушыларды жоғарыдағы ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Жаттығу барысында жүктемені топтағы шұғылданушыларға бірдей деңгейде беру үлкен қате болып саналады. Әрбір берілген жүктемеге ағзасының жауап беру қабілеттілігін қатаң түрде бақылауымызда ұстау қажет. Бұл жерде

жаттықтырушылар дәрігер және психологтармен тығыз байланыста жұмыс атқарулары қажет.

Жиналған мәліметтер бойынша шұғылданушылардың берілген жүктемеге бейімделуі олардың оқу – жаттығу процесінде және жарыстарда түрлі іс – әрекеттерді, күшті жылдамдықты, ептілікті қажетті жерде қажетті мөлшерде пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл жұмыста автордың әдістемелік эксперименталды зерттеулерінің тәжірибесі көрсетілген.

Зерттеу жаңалығы футбол ойынындағы ойыншылардың жүктемелерінің орнықтыру сторттың жаттығу әдістемелеріне кіргізіле отырып дене тәрбиесінің жаңа қолайлы түрлері мен жолдарын іздестіру болып табылады.

Зерттеу барысында жоғарғы дәрежедегі футболшылардың және жаңадан бастаған шұғылданушылардың жүктемеге бейімделу тәсілдерін тәжірибеде қолдану жиілігі мен ол тәсіл туралы бар білімдері анықталады.

Футболшылардың түрлі қозғалыстарының тәсілдері, әдістері жиынтығы техника ұғымын құрайды. Футбол ұғымындағы техника қозғалыстарды, аялдауды, қайырылуды, секіруді, финтті, допты алуды, сонымен қатар спецификалық-техникалық қабылдауларды ұсынады. Футболда ойыншының техникалық шеберлігі оның алаңдағы әріптестерінің қарсылығына төтеп беруді, техникалық қабылдауларды дұрыс орындауы қабылдаулар мөлшерімен сипатталады. Қазіргі футболға ойыншының техникалық дамуы, универсалдығы тән. Бұл бірінші кезекте барлық техникалық қабылдауларды меңгеруі және жоғары деңгейде орындай алуы керек. Жоғары класста ойыншыларды дайындау үшін футболдың барлық техникалық арсеналын балалық шақтан бастау қажет. Мұнда үйрету әдістері ұл балалар мен қыз балалар үшін бірдей.

Техникалық қабылдауларда оқыту практикада келесі түрде күрделеніледі. Алдымен аяқпен допқа соққы беру және допты тоқтатумен танысады. Осы қабылдауды жүзеге асырып меңгерген соң 3x3, 4x4, 5x5, 6x6 ойындарына қатысуға болады. Әрі қарай үйренілген қабылдаулар негізінде әр түрлі техникалық қабылдауларды үйренуге кіріседі.

Техникалық қабылдауларды меңгермеген ойыншы футбол ойнауға жіберілмеуі керек.

Алдымен, бар күшімен әдіс үйренуге кіріседі. Баспен соққы беруде әлсіз жел берілген допты қолдану керек.

Оқытылып отырған техникалық қабылдаулардың дұрыс орындалуын қамтамасыз ету үшін, қозғалыстың әрбір деталін білу қажет.

Табанмен допты тебуде соққы беретін аяқ табаны жанына бұрылып тұру қажет. Табанның ішкі жағымен берілген соққы табысты болып табылады. Бұл соққылар күшті емес, бірақ дәлдігімен ерекшеленеді.

Қабылдаулармен танысқаннан кейін оны практикада жасап көрумен аяқталады.

Техникалық қабылдаулар бірыңғай жинақы және дара әдістер көмегімен жүзеге асырылады.

**Бірыңғай әдіс** қабылдауларды оқытуда жетекші әдіс болып табылады. Ал оқытуда күрделі қабылдауларды үйретуде, мысалы, аяқпен допқа соққы беру, баспен соққы беру, ұшып келе жатқан допты қағу және қайтару т.б. қабылдауларды үйренуде дара әдістерді қолдану керек болады. Бұл жас футболшылар элементарлы қабылдаулардан біртіндеп күрделене беретін қабылдауларды меңгеруіне септігін тигізеді. *Дара әдістерді* қабылдау негізінде қателіктер жіберілуі мүмкін. Бұл жағдайда әрбір қабылдаудың қимылдарын жеке-жеке үйрену қажет.

Техникалық қабылдаулардың күрделілігін үйретуде алдымен орнында тұрып, сосын қимылмен, қарсыласпен пассивті, қарсыласпен активті түрде, соңында ойын алаңында жүргізіледі.

Ойыншының қабылдаулары жүзеге асырып көруі уақытпен шектелмейді, әбден жаттығып болған соң, ойын алаңында сыннан өтеді.

Техникалық қабылдауларды үйрету барысында жаттығушының әрбір уақытта тактикалық есептілігі де қалыптасады. Мұнда келесі тәуелділік орын алады. Ойыншының техникалық қабылдаулары түрлі болған сайын, оның тактикалық потенциалы да көп болады.

Техникалық қабылдауларды бекіту жаттығулар мен қозғалыстарды ойын кезінде жасаумен жүзеге асырылады. Осыған байланысты басты назарда футболшының ойын қимылдарына көңіл бөлу керек. Олардың үйренген техникалық қабылдауларды дұрыс жүзеге асыра білуі олардың ептілігін арттыра түседі, мысалы, бір қабылдау басқа да сапалардың артуына себепші болады. Секіріп баспен соққы беру, соққы беруді де сонымен қатар, секіргіштікті де арттырады.

### ***Аяқпен допқа соққы беруді үйрету***

Допқа аяқпен соққы беру футбол ойынының басты техникасы болып табылады. Орындау қабілетіне қарай ол соққылар ішкі табанмен, табан сыртымен, орта, ішкі және сыртқы т.б. болып бөлінеді. Қабылдауда жаттығу күші бар аяқпен бастау алады. Одан соң барып әлсіздеу аяққа көшеді. Бұл қабылдауды жаттығуда келесі әдісте есте сақтаған жөн: қимылсыз тұрған допқа соққы беру, қадам басып, қимылды допқа соққы беру, жүгіріп келіп қимылсыз допқа, жүгіріп келіп қимылды допқа соққы беру. Бұл жағдайларда доп бағытының дұрыстығына назар аудару керек. Сонымен қатар берген соққылардың техникалық қабылдауларға сәйкес келуін қамтамасыз етуі керек. Қабылдауларды жүзеге асыруда соққының дәлдігі, сонан соң күші ескеріледі.

#### IV. Оқыту әдістері: көрнекілік, түсіндіру

1. Оқыту әдістері. (Айту, әңгіме, түсіндіру, көрсету, ескерту, дәріс, баяндау)
2. Ұсынылған оқыту әдістеріне қойылатын талаптар

Допқа аяқпен соққы беру техникасын жүзеге асыруда алдымен *табанның ішкі жағымен соққы беруден бастау* тиімді. Өйткені, бұл ойында жиі қолданылады. Бұл қабылдау қысқа және жақын қашықтықтан қақпаға соғуда қолданылады. Былайша соққы беру оншалықты күшті болмағанмен, өте дәл болып келеді. Бұл соққыны дұрыс орындау үшін тірек аяқты кішкене бүгіп, доптан 10-15 см және сәл иық тұсына ұстау керек. Тірек аяқтың ұшы соққы берілетін бағытпен дәл келуі керек.

##### *Оқу барысында:*

1. **Допсыз.** Табанды 90°С-қа бұру арқылы аяқты алға сілкі. Жаттығу қайталанады.
2. **Қабырғада.** 5-6м қашықтықта тұрып, 20-25 соққыны жасау керек. 20-25 соққыны бір орында, онан соң 2-3 қадам жүгіріспен жасау керек.
3. **Дәл соққы.** Қабырға алдына 1 м ендікте қақпа қойылады. Доп қақпадан 1 м қашықтықта беріледі. Соққының дәлдігі басты назарда болады.
4. **Дәл қағыс.** Ойыншылар екі-екіден бөлінеді. Әріптестер бір-бірінен 5-6 м қашықтықта тұрып, бір-біріне допты соқы арқылы жіберіп отырады. Мұнда соққы оң және соң аяқтармен кезек беріледі. Бұл допты дұрыс қағып алуды және соққы бағытын дұрыс жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.
5. **Колоннада.** жаттығушылардың біреуі колоннадан 6 м қашықтыққа барып тұрады. Сигнал арқылы ол допты колоннаға бас арқылы бағыттайды. Ол допты кері қайтаррып болған соң орын алмасады.
6. **Шеңбердегі доп.** Алаңда 18-20 м диаметрлі шеңбер сызылады. Ойыншылардың біреуі шеңбер ішінде тұрады. Басқалары шеңбер артында бір-бірден орнығады. Ортадағы ойыншы олардың әрқайсысына допты кезекпен беріп отырады. 15-20 доп бергеннен кейін орын алмасады.
7. **Доп беру.** Жаттығушылар шеңбер бойына орналасады(6-7 адам). Ойыншылардың біреуі әріптесінің біреуіне допты береді де оның орнына жүгіреді. Ал әріптесі допты жолдасының біреуіне беріп, оның орнына жүгіреді. т.с.с. Цифрлар арқылы кезек белгіленген.
8. **Қозғалыста.** Шеңбер бойымен қозғала отырып, допты бір-біріне қарап тұрады. Бұл жағдайда допты алдыңғы әріптеске беру ұсынылады. Ойын кезінде ойыншының сыртқы иығы алға, ал тірек аяғы ойыншының допты күткен бағытына бағытталуы керек.
9. **Екі доппен.** Екі ойыншы 5-7 қадам қашықтықта бір-біріне қарап тұрады. Үшіншінің сигналы бойынша олар табанының ішкі жағымен соққы берілген допты бір-біріне бағыттайды. Сонан соң кері соққы береді. Ойын барасында доптардың бір-бірімен соққыласуына жол бермеу керек.
10. **Әріптестің доп беруі.** Жаттығушы бір жағымен тұрып, әріптесіне табанның ішкі жағымен соққы берілген допты бағыттайды. Ал әріптесіне

жүгіре отырып допты қабырғаға бағыттайды. Период бойынша орын алмасады.

Табанның ішкі жағымен берілетін соққыны үйренуде бастауыш футболшыларда, келесі типтік қалеліктер болуы мүмкін. Біріншіден, ұратын аяқтың табаны әлсіз бұрылады, екіншіден соққы беру барысына дайындықта соққы беруші аяқ барынша артқа созылмайды. Осы қателіктерді болдырмау үшін жаттығу керек. Ол үшін 3-5 м қашықтықта тұрып, қимылсыз допқа соққылар беру арқылы жаттығу керек.

### ***Аяқ өрінің ортасымен соққы.***

Қақпаны көздеген уақытта көбінесе орта немесе ұзақ қашықтық таңдалып алынады. Соққы тура жүгіріспен беріледі. Оның орындалу техникасы мынадай: кішкене тізе бүгіліп, доппен қатар қойылып, аяқ ұшы бағытқа қарай тураланады. Соққы доптың ортасына беріледі. Допқа соққы бергенде қол алға-артқа майысады.

### ***Оқыту барысында:***

1. ***Соққы имитациясы.*** Аяқтың соққы қимылын допсыз орындау.
2. ***Жай соққы.*** Қабырғадан үш метр қашықтықта қимылсыз тұрған допқа соққы беру ұозғалыс жай темппен жасалады, 20-25 соққы беру керек.
3. ***Дәл соққы.*** Қабырғада 1x1 м квадрат сызылады. Ойыншы 10 м қашықтықта көзделген квадратқа 20 соққы беруі қажет. Соққы қимылсыз тұрған допқа беріледі.
4. ***Жалаушалар арасы.*** Ойыншылар екі-екіден бөлінеді. Әріптестестер ара-қашықтығы 24-26 м. Ортаға жалауша арқылы 1,5-2 м кеңдікте қақпа құрылады. Әріптестер допты бір-біріне жалаушалар арасы арқылы бағыттайды.
5. ***Домаланған доппен.*** Жаттығушылар екі-екіден бөлінеді. Әріптесінің бірі допты бір жақтама береді, ал екіншісі домаланған допты қақпаға, көзделген жерге дәлдеп соққы береді. Екі аяқпен де 10 соққы берген соң, допты беріп тұрған ойыншымен орын алмасады.
6. ***Алыстан соққы.*** Алаңда 15 м кеңдікте коридор белгіленеді. Ойыншылар кезекпен жүгіру арқылы соққылар орындайды. Әрқайсысына 3 ұмтылыстан беріледі. Коридормен ең алысқа допты кім соқса, сол жеңеді.
7. ***Мықты соққы.*** Әріптестің біреуі қақпаға орналасады, екінші ойыншы қақпадан 12 кв м қашықтықтан оң және сол аяғымен шығып, 5 соққы береді. Онан соң орын алмасады.

Бұл қабылдауларды меңгеруде бастауыш футболшылар аяқ ұшын максималды төмен иеді. Бұл жағдайда доп қисық траекториямен ұшады. Бұл қателікті болдырмас үшін дұрыс жолмен 8-10 соққы беріп, жаттығу керек. Сонымен қатар олар тірек аяқты доппен өте алыс қашықтықта ұстап тұрады, ал соққы допқы допқа әлсіз беріледі. Бұл кемшіліктерді болдырмау жолы ұзақ әрі сапалы жаттығулар жасау.

**Аяқ өрінің ішкі жағымен соққы беру.** Былайша соққы беру ойын кезінде қарсыластың қақпасына, айып соққы бергенде т.б. жағдайларда орын алады. Бұл қабылдаудың техникалыққолданылуы келесідей. Тірек аяқ доптан артта тұрады. Ол аяққа дененің ауырлығы түсіріледі, ал соққы беруші аяқ тізеден бүгіледі. Сонан соң соққы беруші аяқтың табаны ішке қарай кішкене майысады да бекиді. Соққы доптың төменгі бөлігіне беріледі. Бұл қабылдауларды оқытуда жоғарыда аталған жаттығуларды жасатады.

Енді осы қабылдауларды орындау барысында жіберілетін қателер жөнінде айтатын болсақ, тірек-аяқ допқа өте жақын орналасады. Қатені болдырмас үшін қабырғаға соққыны дұрыс беру жолымен жаттығу керек. Жүгіруді дұға бойымен емес көзделген бағытқа сай түзу бағытта жүгіру керек.

Аяқ өрінің сыртқы жағымен соққы беру. Былайша соққы беру айып кезінде , қақпаға және әріптесіне беру кезінде көп қолданылады. Бұл соққыда доп айналып ұшады. Бұл қабылдау дұрыс болу үшін дәлдікті арттыру керек, ол үшін тірек аяқ доп деңгейінде орналасады. Соққы берушіаяқ ішке қарай бұрылып, соққы беріледі. Ден салмағы тірек аяққа түсіріледі. Әрине бұл қабылдауды тез үйрене қою қиын, бірақ үйренуді жүзеге асыруғы әбден мүмкіндігі бар. Ең бастысы қателік болдырмау, болған кезде де тез жөндеу.

Аяқ ұшымен соққы беруқөбінесе ылғалды ауа райындағы ойында беріледі. Бұл қабылдаудың орындалу техникасы аяқ әрі ортасымен соққы техникасымен бірдей.

**Өкпемен соққы.** Бұл соққы артта тұртұрған әріптеске допты елеусіз ғана беруде қолданылады.

Бұл бастауыш футболшыларда дұрыс бола бермейді. Бірақ барлық футбол шеберлері оны ойында дұрыс қолдана біледі. Бастпқы кезеңде қабылдаулардың дұрыс орындалуына ерекше көңіл бөлу керек. Бұл қабылдауды жүзеге асыруда тірек аяқты доптан сәл алдын қою керек және тізені бүгеді. Сонан соң соққы беруші аяқты өзінен артқы бағытта өкшемен береді.

## **V. Футболдың оқуындағы процестің ерекшеліктері**

### **Оқыту барысында:**

- 1.Қадаммен арқамен.** Қабырғаға тұру. 1,5 м қашықтыққа алдына доп қояды. Қадам жасап допты өкше арқылы қабырғаға соққылайды.
- 2.Жүгірумен.** Түзу сызық бойына әр 3-4 қадам сайын 5-6 доптан қояды. Әрі қарай жүгірумен әр допқа өкше арқылы соққы береді. Басында жүгіру, жаймен басталып жаймен жеделдейді.
- 3.Екеулеп.** Жаттығушылар екі-екіден бөлінеді. Бір-бірінен 5-6метр қашықтықта орналасады. Допқа ие әріптес допқа өкшесі арқылы соққы беріп, арттағы әріптестеріне береді. Осылайша әрқайсысы 15-20 соққыдан береді.

4. **Домаланған доппен.** Екі ойыншы бірінен соң бірі тұрады. Біріншісі допты жаймен алға домалатады. Артқысы допқа қуып жетіп, онымен соққы беру арқылы кері қайтарды. 4-5 ұмтылыстан кейін орын алмасады.

5. **Өкшемен көздеу.** Екі бағанмен 1 м ендікте қақпа құрылады. Екі ойыншы екі жақтан орын алады. Олар кезекпен өкше арқылы қақпаға доп соғады. Қақпамен қашықтық 6-7 м.

6. **Қуып жет те ал.** Қос-қостан ойналады. Біреуі доппен алда қозғалыста, ал әріптесі оның соңынан 5-6 қадамда аеледі. Алдыңғысы допты өкшемен артқа бағыттайды, артындағысы допты қағып, алға түседі де, оны қайталайды.

Бұл қабылдауды орындау барысында көбінесе кететін қателіктер де кездеседі. Бұл қабылдауды үйренуде бұл қабырғаға допты өкшемен беру арқылы жаттығу керек.

Бөлшектелген соққы деп, доп ұшып бара жатып өз өсімін айналуын айтады. Былайша жасау үшін допты доптың ортасынан емес, жерге қойып бір жағынан соққы беру керек.

Аяқ өрінің ішкі жағымен бөлшек соққы беру . Бұл кәдімгі соққы берумен бірдей, айырмашылығы доптың ортасынан емес, жанынан соққы беріледі. Доп өз өсінде қатты айналған сайын оның доғасы да көбірек болады.

#### **Оқыту барысында:**

1. **Бір-біріне.** Жаттығушылар қос-қостан жаттығады. Олар бір-бірінен 12-14 м қашықтықта тұрып, бір-біріне аталған түрде доп беріп отырады.

2. **Қақпа арқылы.** Бағаналардан 2м кеңдікте қақпа құрылады. Екі ойыншы қақпаның екі жағына 10м қашықтықта орналасады. Ойыншылар допты бір-біріне бағыттап кезекпен қақпаны соғады.

3. **Домаланған доппен.** Жаттығуда үш ойыншы қатысады. Біреуі қақпаға орналасады, екіншісі қақпа жанына, үшіншісі екінші ойыншы берген допқа соққы беріп қақпаға бағыттайды. Әріптестер орын алмасып ойнайды.

4. **Бағана арқылы.** Соққы сызығынан 17-18м қашықтықта 2,5 диаметрлі шеңбер сызылады. Соққы сызығы мен шеңбер арасына бағана қойылады. Ойыншылар алдымен қимылсыз тұрған допқа соққы береді, онан соң домаланған допқа соққы беріп, шеңберді көздейді.

5. **Флангтан беру.** Алаңда бір шетінен соққы беру нүктесі белгіленеді. Айып алаңының 11 метрлік аумағында диаметрі 5метр болатын шеңбер сызылады. Шеңберге түсіру үшін допқа 10соққы беріледі. Мұнда 5 соққы аяқ өрінің ішкі жағымен, ал 5 соққы сырқы жағымен.

Бастауыш футболшыларға бұл қабылдауларды оқытуда, олардың көбінесе жіберілген қателігі допты дәл ортасынан соққы бермейді, ауытқиды. Бұл кемшілікті жою үшін допқа соққы беріп, қабырғаға ұру жаттығуын жасау керек.



*Ұшып келе жатқан допқа соққы беру*-техникалық күрделі қабылдаулардың бірі болып табылады. Бұл қабылдауды үйренуде, соққы беруші аяқтың допқа дұрыс тиюіне назар аудару керек. Ойыншы қақпаға ұшып келе жатқан допты бағыттауы керек болса, онда *аяқ өрінің ортасы арқылы* доп орталығын көздеп соққы беру керек. Тәртіп бойынша соққы дұрыс берілсе, доп көзделген жерге тиеді. Бұл жағдай көбінесе табанның ішкі жағымен немесе *аяқ өрісінің ішкі жағымен соққы* бергенде дұрыс орындалады. Соққылардың ішіндегі ең күрделісі болып, баспен соққы беру саналады.

### **Оқыту барысында:**

**1.Допты лақтыру.** Қабырғадан 10-12 м қашықтықта тұру. Допты алдына тастау. Доп кері серпіліп, тізе тұсына жеткенде ұшып келе жатқандағы соққыны береді. Алдымен соққылар табанның ішкі жағымен беріледі. Сонан соң ортасымен және өрдің сырқы жағымен беріледі.

**2.Допты тастау.** Жаттығулар екі-екідне бөлінеді. Бір ойыншы әр қосақтың сол жағынан қабырғадан 10м қашықтықта тұрады. Оның орындайтыны-кеудесін тірек аяққа иіп әріптесі лақтырған допты кері қабырғаға қайтарады. Период бойынша, ойыншылар орын алмасады.

**3.Бір-біріне.** Футболшылар қос-қостан жұмыс жасайды. Әр қосақта ойыншылар бір-бірінен 15м қашықтықта орналасып, кезекпен допқа соққы бере бастайды. Мұнда доп бағыты әріптес алдына бағытталады. Әріптесі допқа ұшып келе жатқандағы соққыны береді.

**4.Қақпаға соққы бер.** Жаттығушы үш ойыншы. Біреуі қақпаға тұрады, екіншісі қақпадан 15 қадам қашықтықта, ал үшіншісі қақпа сызығынан 15-20м қашықтыққа орналасып, допты екінші ойыншыға береді. Ол ұшып келе жатқан допты қақпаға бағыттайды. 10 соққыдан соң орын алмасады.

**5. Бас арқылы.** Допты жерге тастау және бірінші серпілісінде аяқ өрінің ортасымен бастан асыра соққы береді. Тез бұрылып түскен допқа оны қайталайды т.с.с.

**6.Доп ортанғыға.** Жаттығушылар 3-3-тен ойнайды. Екі ойыншы бір-бірінен 12-14 м қашықтыққа орналасады, ал үшіншісі олардың арасында. Бірінші ойыншы ортадағыға береді, ал ол бас арқылы аяқ өрі ортасымен соққы беру арқылы екінші допты үшінші ойыншыдан алады. Дәл осылайша бірінші ойыншыға береді. Период бойынша орын алмасады.

**7. Қақпаға.** Екі ойыншы қақпаның екі шетіне тұрады. Кезекпен қақпа сызығына айып алаңы арқылы қақпаға бағыттайды. Екінші ойыншы ұшып келе жатқан допты қақпаға бағыттайды. Период бойынша орын алмасады. Енді жіберілетін қателер жөнінде көбінесе бастауыш футболшылар келесі кемшіліктерді көп жіберді. Аяқтар жерге параллельді немесе аяқ допқа өте жақын орналасады. Нәтижесінде әлсіз, дәл емес соққы беріледі. Бұл кемшіліктерді жою үшін жерден серпілген допқа қабырғаға бағыттап 8-10 соққы беру арқылы жаттығу керек.

**Жартылай ұшпалы допқа соққы.** Доптың жерден серпілуі кезінде орындалады. Мұндай соққылар әдетте өте күшті соққылар қатарына жатады. Бұл қабылдауды алыстан немесе қақпаға соққы беруде қолданады. Доп жерге жақындағанда тірек аяқ тізесі бүгіліп, соғушы аяқ артына созылып, допқа соққы береді.

#### **Оқыту барысында:**

- 1.**Қабырғаға.** қабырғадан 3-4 қадам қашықтыққа тұрып, допты алдына тастайды. Серпілген допқа өр ортасымен соққы береді. Жаттығу 10-15 рет қайталанады. 10 соққыдан өрдің ішкі және сыртқы жағымен орындалады.
- 2.**Шеңберде.** қабырғаға 1м диаметрлі шеңбер сызылады. одан 8-10м қашықтықта орналасып, допты алдына тастап, серпілгенде соққы беріп, сызылған шеңберге бағыттайды. Жаттығудағы әр аяқ үшін 10-15 соққыдан береді.
- 3.**Қақпада.** Қақпадан 12-15 қадам қашықтыққа доппен бірге тұру. Допты алға тастап жіберіп, онымен бірге қуалап жүру, қақпашы тұрған қақпаға бағыттау.
- 4.**Дәл беру.** Екі ойыншы бір-бірінен 15-16 қадам қашықтықта орналасады. Олар допты бір-біріне тура беруі керек. Мұнда бір рет қимылсыз допқа, екіншісінде ұшып келген допқа соққы беріледі. Әр ойыншы 10-15 соққыдан береді.
- 5.**Сым арқылы.** Екі бағына арқылы сым тартылып, қойылады. Екі ойыншы сымның екі жағына орналасып, кезекпен жартылай ұшу соққысын беріп отырады.

#### **VI. Оқыту процесінің құрылымы: бастапқы даму сатысы, тереңдете даму сатысы.**

**Мұнда жіберілетін қателер:** тірек аяқ доптан өте алысқа қойылады. Бұл қателерді болдырмас үшін көп ретте қабырғаға жартылай күшті соққы беру арқылы жаттығу керек.

**Баспен соққы беру** – футбол ойынының ажырамас бөлігі болып табылады. Мамандардың айтуы бойынша баспен соққы беру футбол ойынындағы барлық техникалық қабылдаулар ішінде үшінші орын алады екен. Баспен соққы маңдаймен немесе бастың бір жағымен беріледі. Олар бір орында, секіріспен жасалады.

Бір орында маңдаймен соққы. Аяқты иық кеңдігінде орналастырады, кішкене тізе бүгіледі. Бір аяқ алда. Тез қимылмен доп ортасына маңдаймен соққы береді.

Секіру кезінде баспен соққы беру үшін екі аяқпен бірдей секіреді.

Бастың бір жағымен соққы беру кезінде дене салмағын бір аяққа артып, бастың тез қимылы арқылы соққы береді.

Күрделірек болып саналатын, құлап бара жатып баспен соққы беру. Бұл доп ойыншыдан биік емес қашықтықта ұшқанда жасалады.

### **Оқыту барысында:**

1. **Лінген доп.** Доп жаттығушы басынан 10-15 см биіктікке ілінеді. Ары қарай секіру арқылы жаттығулар жасалады.
2. **Жанглер.** допты алдына тастап, басты артқа, денені бұрып, бұлшықеттеріне кернеу беру арқылы баспен соққы беру.
3. **Қабырғада.** қабырғадан 2 м қашықтықта тұрып, допты лақтырып баспен қабырғаға, соққы 10-15- рет беріледі.
4. **Ауадағы доп.** Жаттығушылар екі-екеуден жаттығады. Ойыншылар бір-біріне 3-4м қашықтықта тұрып, бір-біріне допты бас соққысы арқылы бағыттайды. Біртіндеп ара қашықтықты арттыра бастайды.
5. **Сақина ішінде.** Қақпа алдына баскетбол сақинасын және гимнастика сақинасын іліп, екі ойыншы екі жағына тұрады. Екі жақтан маңдай арқылы бір-біріне допты сақина арқылы бағыттайды.
6. **Допты лақтыр.** Екі ойыншы жаттығады. Біреуі допты қисық траекториямен лақтырады, екіншісі баспен соққы беру арқылы кері қайтарады. Бес соққыдан соң орын алмасады.
7. **Секірісте.** үш ойыншы жаттығады. А ойыншы В ойыншының артына орналасады. Б ойыншы олардан 3м қашықтықта қолмен допты лақтырады. В ойыншы А ойыншының үстінен баспен соққы беру арқылы допты кері қайтарады. А ойыншы пассивті түрде болады. 8-10 соққыдан соң орындары алмасады. Т
8. **Қолдан ал.** Олардың біреуі қолына доп ұстап, жоғары көтереді. Одан 3-4м қашықтықта Б ойыншы орналасады. Ол өзінің әріптесіне допты лақтырады, әріптесі допқа баспен соққы береді. Период бойынша ойыншылар орын алмасады.
9. **Допты қуалау.** Ойыншылар шеңбер бойымен орналасып, ортаға бір ойыншы орналасады. Шетінен ортадағы ойыншы баспен соққы беру арқылы допты бір-біріне беріп шығады. Доп жерге түскен кезде ортадағы ойыншы орын алмасады.
10. **Шнур арқылы.** Колонна алдына екі бағанаға бекітілген, ойыншылардың басымен бірдей биіктікте таяқша ілінеді. Колонна алдына доп ұстаған А ойыншы тұрады. Ол допты лақтырады, колонна алдындағы ойыншы таяқшаға дейін жүгіріп келіп, допқа баспен соққы беріп, кері қайтарады. Соққы берілген ойыншы колонна соңына барып тұрады. Соққыны келесі ойыншы береді т.с.с
11. **Үшбұрыш.** жаттығушылар топқа бөлінеді. Үш-үш ойыншыдан 5м қашықтыққа үшбұрыш түзеді. Әр топта доп болады. Ойын барысында допты бір-біріне жерге түсірмей бас арқылы соққы беріп отырады. Мұнда ойыншылардың соққыны дұрыс беру техникасына басты назар аудару керек. Соққылар маңдаймен беріледі.
12. **Жылжымалы үшбұрыш.** Бұл жаттығу алдыңғымен сәйкес келеді, тек мұнда, бір орынды емес, жылжып отыру арқы соққы.
13. **Жаттығушылар топқа бөлінеді.** Әр топта үш ойыншыдан және бір түзудің бойында орналасады. Ара қашықтығы 4м. Екі ойыншы қарама қарсы

тұрады. Біреуінің қолында доп. Ол соққыны баспен беру арқылы, келесі ойыншыға допты жібереді. Ол допты 180°-қа бағыттап, кері қайтарады. Осылайша 20 рет қайталады.

**14. Орталықтағы арқылы.** Ойыншылар алдыңғы жаттығулардағыдай орналасады. Бірақ мұнда барлық жаттығу ортадағы ойыншы арқылы жүзеге асырылады. Топтың әр ойыншысы ортақ тұрып, 20-дан артық допқа соққы беруі керек.

**15. Алаң арқылы.** Ойыншылардың бірнеше тобы біржақтама алаң сызығына біріне соң бірі орналасады. Олар бір-біріне допты бастарынан асыра ұзатып, доптың жерге түспеуін қамтамасыз етеді.

**16. Қақпа арқылы.** Үш ойыншы жаттығады. Біреуі қақпада орын алады, екіншісі 10-12 қадам қашықтықта орналасады, допты 8м-ге лақтырады, қабылдаушы ойыншы допқа басымен соққы береді. 6-8 қақпадан соң орын алмасады.

**17. Баспен беру.** Ойыншының біреуі қақпаға орналасады. Екіншісі-қақпаға қарсы 10-12 қадам қашықтықта орналасады. Екі ойыншы қақпаның оң және сол жағына орналасады. Біреуі допқа баспен соққы беріп, қақпаға бағыттайды. Периодпен орын алмасады.

Үнемі баспен соққы беру – ойыншылардың осал тұсы болып саналады. Оның себебі неде? Мұнда баспен соққы беру-өте күрделі, техникалық қабылдау. Оған жоғары назар ету керек.

## **VII. Жаттықтырушы педагог және тәрбиеші ретінде**

Бастауыш футболшылардың финт жасау кезіндегі қателер, финтті қарсыласқа өте жақын орындалатындықтан, ұмтылыс кезінде қарсыласы допты әкетіп, қағып отырады. Ол үшін жоғарыдағы аталған жаттығуларды дұрыс жасап отыру керек.

Қазіргі футболда допты алу техникасын менгеру өте қажетті. Бастауыш футболшылар допты алудың барлық түрлерін менгерулері тиіс.

Допты таласпен алу – қарсылас жақындап қалған кезде, доп алысқа кеткен жағдайда болады.

### **Оқыту барысында:**

**1. Пассивті алу.** Екі әріптес жаттығады. Олар бір-бірінен 15 қадам қашықтықта жаттығады. Біреуі допты аяқ өрінің ішкі жағымен әріптесіне бағыттайды. Ол допты алуға ұмтылады. Период бойынша орын алмасады.

**2. Орнында тұрып.** Алушы орнында тұр. Оған бірінен соң бірі үш қарсылас доп әкеледі. Ол аяғын созып допты алады.

**3. Ойындағыдай.** Бір мезгілде екі ойыншы жаттығады. Біреуі алушы, біреуі ендіруші. Бір - бірінен 15 қадам қашықтықта тұрады. Ендіруші жақындағанда алушы жақындап допты алады. 8-10 рет қайталайды.

**Иықпен итере допты алу** – қарапайым, бірақ тиімді қабылдау.

### *Сабақ барысы:*

1. **Тура есеп.** Екеуден орындалады. Біреуі қарсы (допсыз) шабуыл, екіншісі – қорғанушы. Белгі бойынша алаңға бірге келеді. Бір – біріне қарсылық көрсетіп допты иықпен қағады. Орын алмасады.
2. **Жүгіру кезінде.** Дәл жоғарыдағыдай тек оны жай темппен жүргізу кезінде орындалады.
3. **Доппен.** Мұнда доп ендіріледі. Мазмұны бұрынғыдай. Тек иықты қарсылас иығына теңестіріп алу керек.

Құлап бір аяқпен сырғып барып допты алу – бұл өте қиын әдіс. Басқа ешбір шара қалмаған кезде қолданады. Қарсыластан алыс аяқты тізеден бүгіп, сырғып барып екінші аяқты қарсыласының алдындағы допқа қарай созады, допты аяқтың табаны мен немесе ішкі жағымен қағып жіберу қажет. Құлауды жеңілдету үшін қолды тіреу керек.

Бұл әдісті толық меңгермесе ойын тәртібінің бұзылуына әкеліп соғады.

Шеткі сызықтан шыққан доп, қайта лақтырылып, ойынға енеді. Бұл техникалық қабылдауды әр футболшы меңгеруі керек. Допты лақтыруда тізені бұгу керек. Допты бас бармақпен қосып ұстау керек. Қадым жасап лақтырған кезде немесе жүгіріп келіп лақтыру үшін алаң сызығына 1 немесе 2 қадым қалғанда допты, бастан асыра көтеріп дененің арқа жағына өткізеді. Аяқты жерден көтермеуі керек.

### *Оқыту барысында:*

1. **Тек қолмен.** Қабырғадан 4-5 м қашықтықтан екі қолмен допты лақтыру.
2. **Кеудені иіп.** Бірінші сияқты орындалады. Тек кеуде иіліп жасалады. *Қашықтық 5-6 қадамға ұлғаяды.*
3. **Қадаммен.** Тек қадам арқылы.
4. **Коридормен.** Алаңда жалаушалар арқылы 3 м кеңдікте коридор белгіленеді. Коридормен допты лақтырып, допты белгіден шығып кетпеуін қадағалау керек.
5. **Дәл тастау.** Алаңның бір шетіне 8-9 қадамда 1,5, 1, 0,5 м диаметрлі үш шеңбер сызылады. Ойыншылар доп тастайды. 10 реттен соң ұпай саны анықталады. Ең кіші шеңберге – 3 ұпай, орташасы – 2, үлкені – 1.
6. **Жүрісте.** Жаттығушылар екеуден бөлінеді. Әріптестің бірі алаң сыртына екінші бірі жақ сызықтан 10 м қашықтықта жылжып отырады. Әріптесі оған доп лақтырады. Период бойынша орын алмасады.

***Бастауыш футболшылар лақтыру техникасын орындауда көбінесе дене мен аяқ қозғалысы арқылы орындайды. Қолмен қимыл жасау да типтік қателердің бірі болып саналады. Бастан асырмай лақтыру да қателік болып саналады. Қателіктерді болдырмас үшін 1,2,3 жаттығуларды қайталау керек.***

## Қақпашы ойынның техникасы

Қақпашы командадағы ерекше тұлға. Оның рөлі өте маңызды. Қақпашының ойын техникасы алаңдағы ойыншылармен ұқсас. Тек олардан айырмашылығы, штрафты алаңда қолмен ойнауға болады. Оның негізгі қабылдаулары; допты қағу, т.с.с. Қақпашы допты қағуда травма алуы мүмкін. Осыны болдырмас үшін қақпашыға арнайы киімдер кигізіледі.

Негізгі баған. Ойын қақпаға соғуға айналған кезде қақпашы қай бағыттан келсе де дайын болуы керек. Ол үшін негізгі бағанды білуі керек, яғни өзіне ыңғайлы жағдайды таңдау керек. Ол аяқты алшақ ұстап тізені бүгіп, кеудені сәл алға иіп, қолды алға қойып, көзді доптан айырмау керек. Бұл жағдайда кез-келген қозғалысты жасау ыңғайлы.

## VIII. Білімділік жетілдіруі, баяндама, жасай білу, жалпы дамыту жаттығулары мен саптық жаттығуларды көрсете білу.

1. Саптық жаттығуларды жүргізу.
2. Ауқымды жалпы жаттығуын жүргізу.
3. Төзімділік және жылдамдық қабілеттерін тәрбиелеу.

Қазіргі футболда допты алу техникасын меңгеру өте қажетті. Бастауыш футболшылар допты алудың барлық түрлерін меңгерулері тиіс.

Допты таласпен алу – қарсылас жақындап қалған кезде, доп алысқа кеткен жағдайда болады.

**Пассивті алу.** Екі әріптес жаттығады. Олар бір-бірінен 15 қадам қашықтықта жаттығады. Біреуі допты аяқ өрінің ішкі жағымен әріптесіне бағыттайды. Ол допты алуға ұмтылады. Период бойынша орын алмасады.

**Орнында тұрып.** Алушы орнында тұр. Оған бірінен соң бірі үш қарсылас доп әкеледі. Ол аяғын созып допты алады.

**Ойындағыдай.** Бір мезгілде екі ойыншы жаттығады. Біреуі алушы, біреуі ендіруші. Бір - бірінен 15 қадам қашықтықта тұрады. Ендіруші жақындағанда алушы жақындап допты алады. 8-10 рет қайталайды.

**Иықпен итере допты алу** – қарапайым, бірақ тиімді қабылдау.

**Тура есеп.** Екеуден орындалады. Біреуі қарсы (допсыз) шабуыл, екіншісі – қорғанушы. Белгі бойынша алаңға бірге келеді. Бір – біріне қарсылық көрсетіп допты иықпен қағады. Орын алмасады.

**Жүгіру кезінде.** Дәл жоғарыдағыдай тек оны жай темппен жүргізу кезінде орындалады.

**Доппен.** Мұнда доп ендіріледі. Мазмұны бұрынғыдай. Тек иықты қарсылас иығына теңестіріп алу керек.

Құлап бір аяқпен сырғып барып допты алу – бұл өте қиын әдіс. Басқа ешбір шара қалмаған кезде қолданады. Қарсыластан алыс аяқты тізеден

бүгіп, сырғып барып екінші аяқты қарсыласының алдындағы допқа қарай созады, допты аяқтың табаны мен немесе ішкі жағымен қағып жіберу қажет. Құлауды жеңілдету үшін қолды тіреу керек.

Бұл әдісті толық меңгермесе ойын тәртібінің бұзылуына әкеліп соғады.

Шеткі сызықтан шыққан доп, қайта лақтырылып, ойынға енеді. Бұл техникалық қабылдауды әр футболшы меңгеруі керек. Допты лақтыруда тізені бұгу керек. Допты бас бармақпен қосып ұстау керек. Қадым жасап лақтырған кезде немесе жүгіріп келіп лақтыру үшін алаң сызығына 1 немесе 2 қадым қалғанда допты, бастан асыра көтеріп дененің арқа жағына өткізеді. Аяқты жерден көтермеуі керек.

**Тек қолмен.** Қабырғадан 4-5 м қашықтықтан екі қолмен допты лақтыру.

**Кеудені иіп.** Бірінші сияқты орындалады. Тек кеуде иіліп жасалады. *Қашықтық 5-6 қадамға ұлғаяды.*

**Қадаммен.** Тек қадам арқылы.

**Коридормен.** Алаңда жалаушалар арқылы 3 м кеңдікте коридор белгіленеді. Коридормен допты лақтырып, допты белгіден шығып кетпеуін қадағалау керек.

**Дәл тастау.** Алаңның бір шетіне 8-9 қадамда 1,5, 1, 0,5 м диаметрлі үш шеңбер сызылады. Ойыншылар доп тастайды. 10 реттен соң ұпай саны анықталады. Ең кіші шеңберге – 3 ұпай, орташасы – 2, үлкені – 1.

**Жүрісте.** Жаттығушылар екеуден бөлінеді. Әріптестін бірі алаң сыртына екінші бірі жақ сызықтан 10 м қашықтықта жылжып отырады. Әріптесі оған доп лақтырады. Период бойынша орын алмасады.

**Бастауыш футболшылар лақтыру техникасын орындауда көбінесе дене мен аяқ қозғалысы арқылы орындайды. Қолмен қимыл жасау да типтік қателердің бірі болып саналады. Бастан асырмай лақтыру да қателік болып саналады. Қателіктерді болдырмас үшін 1,2,3 жаттығуларды қайталау керек.**

## **Қақпашы ойынның техникасы**

Қақпашы командадағы ерекше тұлға. Оның рөлі өте маңызды. Қақпашының ойын техникасы алаңдағы ойыншылармен ұқсас. Тек олардан айырмашылығы, штрафты алаңда қолмен ойнауға болады. Оның негізгі қабылдаулары; допты қағу, т.с.с. Қақпашы допты қағуда травма алуы мүмкін. Осыны болдырмас үшін қақпашыға арнайы киімдер кигізіледі.

Негізгі баған. Ойын қақпаға соғуға айналған кезде қақпашы қай бағыттан келсе де дайын болуы керек. Ол үшін негізгі бағанды білуі керек, яғни өзіне ыңғайлы жағдайды таңдау керек. Ол аяқты алшақ ұстап тізені бүгіп, кеудені сәл алға иіп, қолды алға қойып, көзді доптан айырмау керек. Бұл жағдайда кез-келген қозғалысты жасау ыңғайлы.

## **IX. Қақпашының тәсілдері. Допты беру.**

1. Футбол ойынындағы қақпашы тәсілі.
2. Командадағы қақпашының ролы және орны.
3. Қақпашының физикалық дайындығы.

Қазіргі футболда допты алу техникасын менгеру өте қажетті. Бастауыш футболшылар допты алудың барлық түрлерін менгерулері тиіс.

Допты таласпен алу – қарсылас жақындап қалған кезде, доп алысқа кеткен жағдайда болады.

Екі әріптес жаттығады. Олар бір-бірінен 15 қадам қашықтықта жаттығады. Біреуі допты аяқ өрінің ішкі жағымен әріптесіне бағыттайды. Ол допты алуға ұмтылады. Период бойынша орын алмасады.

**Орнында тұрып.** Алушы орнында тұр. Оған бірінен соң бірі үш қарсылас доп әкеледі. Ол аяғын созып допты алады.

**Ойындағыдай.** Бір мезгілде екі ойыншы жаттығады

**Амалдық ұғымы** футболда жеке, топтық командалардың ойыншылардың қимылы қандай да бір мақсатқа жетудегі іс-әрекетті білдіреді. Амал – спорт ойындарының негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Ол тәсілдік дене, психологиялық дайындықты қажет етеді. Жоғары класты командалар үшін аиал ұғымының маңызы зор. Аиал жеке, топтық, командалық қимылдардан, әрекеттерден тұрады.

Бұл шабуылда және қорғаныста ойыншының мүмкіндігінше ептілікті жасауы. Ол допсыз және доппен жасалады.

**Ашылу ұғымы.** Футболшының еркін позицияға шығуы, қарсылас шабуылынан құтылуы. Ашылған ойыншы қарсыласын өз соңынан түсіріп, қақпаға доп алу мүмкіндігі бар. Бос орынға шығу, жылдамдықты арттыруарқылы орындалады. Бағыты алға, артқа, жан-жаққа.

Ойында футболшылар қарсыласты бағындыруға жалған қимыл т.б. жиі қолданады.

Шабуыл жасаушы ойыншы шабуылды қарсыласына шамасы жетпейді. Осы уақытта сандық басымдылық керек болады. Мұндай кездің көптен кездесуі маневр деп аталады және жоғары класты командалар ойын негізінде өте қажетті атрибут болып табылады.

1. **Жүгіріп өту.** Ойыншылардың екі тобы жиналады. Олар кездеспелі колонна түзеді. Қашықтық 8-10м. Басты ойыншы қарсы допқа допты аяқпен соғып бағыттайды даөзі колонна соңына барып тұрады. Бұл жаттығуды эстафета түрінде жүргізе беруге болады. Әр ойыншы үш реттен орындайды.

2. **Үшбұрыш.** үш ойыншы жаттығады. Олар 8м үшбұрыш түзе орналасады. Әріптестер допты бір-біріне кезекпен бағыттайды. Бағыты сағат тіліне қарама-қарсы.

3. **Зонадан шығу.** Алаңда үшбұрыш тәрізді зона сызылады. Жоғары бұрышта жүргізуші ойыншы Б орналасады. Ол допты А ойыншыдан өткізіп В



ойыншыға бағыттап отырады. Бірақ ол сызылған аумақтаншықпау керек. Период бойынша орын алмасады.

**4.Номер ретімен.** Шектелген бөлімшеде жаттығушылар жаттығады. Әрқайсысына реттік номері беріледі. Ойыншылар оны естеріне сақтайды. Олар реттері бойынша бір-біріне допты беру керек. Соңғысы қайтадан біріншіге береді. Қате жіберген ойыншыға айып салынады.

**5.Допқа таласу.** Алаңда 15x15м алаңша сызылады. Мұнда 6 ойыншы орналасады. Оның екеуі жүргізуші болып табылады. Қалғандары допты сырқа шығармай, жүргізушіге кездестірмей бір-біріне бағыттайды. Қате жіберген ойыншы жүргізушінің бірі болады.

**6.Ашыл. алаңда** 20x15 алаңша сызылады. Жалаушадан сызық бойына 4 қақпа орналастырады. Әр командада 4 ойыншыдан. Олардың екеуі қақпашы ойынды бастаған топ қарсыластарына доп соғуға ұмтылады. Бұл тек қана ашылу шартында орындалады.

**7.Аумақтан – аумаққа.** Алаңда 15x40 алаңша белгіленеді. Ол үш аумаққа белгіленеді. Үш команда ойнайды. Әр командада 6 ойыншы 1 қақпашы. Қорғаушы шабуыл аумағында екі шабуылшы. Ойыншылардың бір аумақтан екінші аумаққа өтуіне болмайды. Шабуылшы командаларды көршілес аумаққа дәл бағыттау. Бума қарасында пас беруге болмайды. Осылайша бұл жаттығу ойыншының активті түрде қимыл жасауына септігін тигізеді.

**8.Пятачок.** Алаңда 3м кеңдікте қақпа орналасады. Қақпа алдына «петачок» тұрады. Екі команда ойнайды, ойыншылар 3-еу. Шабуылшы команда допты алып жүреді. Бұл команданың ойыншылары допты бір-біріне тез беруге ұмтылады. Моментті пайдаланып, біреуі еркін аумаққа өтеді, яғни «пятачокқа». 5 минуттан кейін орын алмасады. Қорғаушылардың «пятачокқа» кірулеріне болмайды.

Құлап бір аяқпен сырғып барып допты алу – бұл өте қиын әдіс. Басқа ешбір шара қалмаған кезде қолданады. Қарсыластан алыс аяқты тізеден бүгіп, сырғып барып екінші аяқты қарсыласының алдындағы допқа қарай созады, допты аяқтың табаны мен немесе ішкі жағымен қағып жіберу қажет. Құлауды жеңілдету үшін қолды тіреу керек.

Бұл әдісті толық меңгермесе ойын тәртібінің бұзылуына әкеліп соғады.

Шеткі сызықтан шыққан доп, қайта лақтырылып, ойынға енеді. Бұл техникалық қабылдауды әр футболшы меңгеруі керек. Допты лақтыруда тізені бүгу керек. Допты бас бармақпен қосып ұстау керек. Қадым жасап лақтырған кезде немесе жүгіріп келіп лақтыру үшін алаң сызығына 1 немесе 2 қадым қалғанда допты, бастан асыра көтеріп дененің арқа жағына өткізеді. Аяқты жерден көтермеуі керек.

**Тек қолмен.** Қабырғадан 4-5 м қашықтықтан екі қолмен допты лақтыру.

**Кеудені иіп.** Бірінші сияқты орындалады. Тек кеуде иіліп жасалады. *Қашықтық 5-6 қадамға ұлғаяды.*

**Қадаммен.** Тек қадам арқылы.

**Коридормен.** Алаңда жалаушалар арқылы 3 м кеңдікте коридор белгіленеді.

Коридормен допты лақтырып, допты белгіден шығып кетпеуін қадағалау керек.

*Дәл тастай.* Алаңның бір шетіне 8-9 қадамда 1,5, 1, 0,5 м диаметрлі үш шеңбер сызылады. Ойыншылар доп тастайды. 10 реттен соң ұпай саны анықталады. Ең кіші шеңберге – 3 ұпай, орташасы – 2, үлкені –

**1. Жүрісте.** Жаттығушылар екеуден бөлінеді. Әріптестін бірі алаң сыртына екінші бірі жақ сызықтан 10 м қашықтықта жылжып отырады. Әріптесі оған доп лақтырады. Период бойынша орын алмасады.

*Бастауыш футболшылар лақтыру техникасын орындауда көбінесе дене мен аяқ қозғалысы арқылы орындайды. Қолмен қимыл жасау да типтік қателердің бірі болып саналады. Бастан асырмай лақтыру да қателік болып саналады. Қателіктерді болдырмас үшін 1,2,3 жаттығуларды қайталау керек.*

**Қақпашы ойынның техникасы**

Қақпашы командадағы ерекше тұлға. Оның рөлі өте маңызды. Қақпашының ойын техникасы алаңдағы ойыншылармен ұқсас. Тек олардан айырмашылығы, штрафты алаңда қолмен ойнауға болады. Оның негізгі қабылдаулары; допты қағу, т.с.с. Қақпашы допты қағуда травма алуы мүмкін. Осыны болдырмас үшін қақпашыға арнайы киімдер кигізіледі.

Негізгі баған. Ойын қақпаға соғуға айналған кезде қақпашы қай бағыттан келсе де дайын болуы керек. Ол үшін негізгі бағанды білуі керек, яғни өзіне ыңғайлы жағдайды таңдау керек. Ол аяқты алшақ ұстап тізені бүгіп, кеудені сәл алға иіп, қолды алға қойып, көзді доптан айырмау керек. Бұл жағдайда кез-келген қозғалысты жасау ыңғайлы.

## **Х. Жоғары дәрежелі спортшылармен жұмыс кезіндегі жаттықтырушының психо-педагогикалық әрекеттері.**

*Домаланған не төмен ұшып келе жатқан допты қағу.* Доп жақындаған кезде қақпашы тез иіліп, қолмен допты тосып алады. Сосын түзіліп допты кеудесіне ұстайды.

1. Тұрған кезден аяқты бүгу, кеуде алға иіледі, екінші аяқ бірге бүгіледі.
2. Жаттығуға екі жаттығушы қатысады. Біреуі қақпашының негізгі тұрысымен тұрып, доп жақындағанда тосып алып, кеудеге қысады.
3. Қақпашы қақпаға орналасып, әріптесі 6-7 қадам қашықтықта тұрады. Қақпашы әріптесінің аяқтың сырқы жағымен соққан допты ұстайды.
4. Дәл жорғарыдағыдай ұстау. Тек бағытты өзгертеді.
5. Бір мезгілде 3 ойыншы қатысады. Екуі бір-біріне қарама-қарсы 20 қадам қашықтықта тұрады. Үшіншісі олардың арасында доппен тұрады. Ол екеуіне кезек-кезек допты беріп отырады. Период бойынша орын алмасады.

6. Бірнеше ойыншы қақпадан 8-12 м қашықтыққа тұрып, әртүрлі күшпен допты төмендетіп қақпаға соғады. Қақпашы тосып алады.

Жартылай биіктіктегі допты қағу. Бастан төмен, тізеден жоғары ұшып келген допты қағу бір орында немесе секіру арқылы орындалады. Қақпашы тізесін бүгіп, аяқты жақындатады, кеуде алға иіледі.

1. Аяқ арасы кең, иық бүгіліңкі, қолдар алда (доп алақанда). Допты кеудеге қысу және бастапқы жағдайға келу.

2. Осы позициямен допты 30-40 см-ге лақтыру, тосып алып кеудеге қысу.

3. Орнында тұрып допты қағу.

4. Бірнеше қадам алға жылжып, 6-8 м қашықтықтан лақтырылған допты қағу.

5. Ойыншы 6-8 м-ден қақпашыға доп бағыттайды. Ол допты қағып алып кері қайтарады.

6. Бірнеше ойыншы қақпашыдан 8-11 м қашықтықта тұрып, іш биіктігінде оған допты бағыттайды. Ол әр түрлі жағдаймен допты қағып алады.

Биік ұшып келе жатқан допты қағу – бастан жоғары жағдайда секіру арқылы қағады. Орнында тұрып қағу. Қолдар жоғарылатылып, алақан жайылады. Тосып алған соң кеудеге қысады.

Секіру арқылы тосу. Бір орында немесе екі аяқпен секіру арқылы орындалады.

1. Ойыншы допты бет жағдайында ұстайды. Бас бармақ бір-біріне барынша жақын тұру керек. Белгі бойынша кішкене артқа жылжып, допты жібере беріп, бастапқы жағдайда тез арада кіреді.

2. Допты жоғары көтеріп, белгі бойынша допты тастап, иық немесе кеуде тұсына бұрыш жасай ұстау.

3. Допты бастан асырып лақтыру, қайта тосып алып, кеудеге қысу.

4. Қақпашы допты 5-6 м қашықтықтан лақтырғанда тосып алу.

5. Алға қарай лақтырылған допты тосып алу.

6. Қақпашы лақтырылған допты, секіріп қағу арқылы орындайды.

Жоғарыда аталған доптың лақтырылуы, биіктігі жағдайларында қақпашы алға, жоғары ұмтылып, екі аяқпен бірдей секіреді. Қолдар жоғары көтеріліп алақан допқа жайылады. Саусақтар ажыратылып, допты тосып алады.

Мұндай күрделі техникалық қабылдауларды жасауда физикалық сапалардың атқаратын маңызы өте зор. Сонымен қатар ауада денені еркін қозғалта білу де керек. Жаттығудың бастапқы этаптарын жеңілдететін түрінен бастау керек.

- 1.Тізерлеп тұрып, құлап барып допты тосу, кеудеге қысу. Белгі бойынша оң жаққа сонан соң сол жаққа құлау.
  - 2.Тізерлеп барып, құлап барып допты тосу, кеудеге қысу.
  - 3.Аталған жаттығуларды жасап, тез жылдамдықты арттыру.
  - 4.Дәл осы жаттығулар, тек допқа соққы табанның ішкі жағымен беріледі.
  5. Ойыншы доппен қақпаға жақындап, допты өзінен 2-2,5м –ге жібереді. Қақпашының есебі – допты қарсы алып, оны кері қайтару.
  - 6.Ойыншы қақпадан 2-3м қашықтыққа тұрып, допты серпілердей етіп тастайды. Қақпашы серпілген допты тосуы керек.
  7. Қақпашы допты қақпа бағана тұсына бағыттап, серпілген кезде қағу керек.
  8. Ойыншы допты қақпашыға түрлі биіктікте тастайды. Қақпашы сол допты қағуы керек.
  9. Ойыншылар кезекпен 10-12м қашықтықтан аяқ соққысымен допты ауалатып қақпаға бағыттайды. қақпашы қағуы керек.
  10. Бірнеше ойыншы 12-115м қашықтықтан аяқ соққысымен берілген допты қақпаға бағыттайды. Қақпашы ұшқан допты қағып алуы керек.
- Ұшып келген допты кері ұру. Кейде өте қатты жылдамдықпен келген допты тосу мүмкін болмаса, қақпашы алақанмен кері қайтарады. Бұл жағдайларда көбінесе секіру арқылы жасалады.
- Допты қарсыласы алып қоятындай жағдайда қақпашы бір жұдырықтап немесе екі жұдырықтап допты соғып жібереді.
- 1.Ойыншы 5-6м қашықтықтан қисық траектория бойынша қақпаға бағыттайды. Қақпашы допты алақан арқылы кері қайтарады.
  - 2.Ойыншы 7-8м қашықтықтан допты қатты жылдамдықпен қақпашыға бағыттайды . Қақпашы алақанмен кері қайтарады.
  - 3.Ойыншы допты түрлі бағытпен қақпашыға береді. Ол кері қайтарады.
  - 4.Дәл осылай соққы аяқпен беріледі. Қашықтық 10-12м.
  - 5.Жұдырықпен қайтару.
  - 6.Бастан жоғары ілінген допты бір орында тұрып жұдырықтау.
  - 7.Дәл осылай, 3-4 қадам жүріспен жасау.
  - 8.Ойыншы допты 5-6м қашықтықтан қисық траекториямен қақпашыға бағыттайды. Қақпашы жұдырықпен кері қайтарады.
  - 9.Жүгіріп келіп қақпашы допты жұдырықпен қайтарады.

10. Қақпадан 10м қашықтықта тұрып, қақпашыға допты бағыттау. Ол секіріп, допты кері қайтарады.

11. Қақпаның екі шетінен қақпаға қарайекі ойыншы допты бағыттайды. Қақпашы кері қайтарады.

12. Дәл осылай алдымен пассивті, соңынан активті.

Допты лақтыруды қақпашы допты қағып алғаннан соң жасайды. Ол допты дәл және тез бос әріптесіне лақтыру керек. Допты лақтыру бір қолмен жүзеге асырылады. Допты лақтыру алға жылжумен басталады. Нәтижеде доп көзделген жерге барады.

## **XI. Футболдағы оқыту әдістемесіндегі және жаттығулардағы ғылыми зерттеу жұмыстарының ғылыми тәжірибелік мәселелері.**

1. Футболдан ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу және ұйымдастыру.

2. Зерттеу жұмысына сәйкес әдістеме жинақтау.

1.6-7м қашықтықта екі ойыншы иық арқылы допты бір-біріне бағыттайды.

2. Дәл осылай келесі жақпен.

3. 11-12м қашықтықтан екі ойыншы кезекпен екі жақтап иықтан асырып допқа соққы береді.

4. Дәл осылай 15-18м қашықтықтан 2м диаметрлі шеңберге допты бағыттайды.

5. Қақпашы допты жүгіре басып алаңдағы қозғалыстағы әріптесіне лақтырады.

6. 7-8м қашықтықта екі ойыншы бір-біріне кезек-кезек допты домалатады.

7. Дәл осылай тек жүгіріп. Қашықтық 12-14м.

Мұнда кездесетін қателерді қақпашылар доптылақтыруда жібереді. Кейде бастай бергенде доп қолынан түсіп қалады. Бұл допты дұрыс ұстамаудан болады. Мұнда қол саусақтарын барынша жазып ұстау керек. Жаттығуды допты қабырғағауру арқылы жасап көруге болады.

**Допты ұру.** Допты алған соң қақпашы аяқ өрінің ішкі, сыртқы, ортаңғы бөліктері арқылы допқа аяқпен соққы беріп ұра алады. Бұл қақпадан сыртқа (алаңға) ендіру кезінде де қолданылады. Допты тосқаннан кейін осылайша тебу басталады. Бұл жағдайда соққы түсіп келе жатқан допқа беріледі.

### ***Сабақ барысында:***

1. Допты өр ортасымен соққы беру арқылы тебу.

2. Екі ойыншы 2м қашықтықтан бір-біріне соққы беріп, қолмен қағып алады.

3. Ойыншылар бір көзделген жерге 25-30 м қашықтықтан доппен теуіп көздейді.

4. Ойыншы жүгіріп бара жатқан ойыншыға допты оның жүгірісіне

сәйкестендіріп соғады.

5.Жаттығушы допты қолмен лақтырады.

6.Ойыншылар допты пассивті, артынан активті түрде соға бастайды.

Қақпашының ойын тәсілдерін қалыптастыру үшін жасалатын жаттығулар:

1.Қақпашы бір қолына доп ұстап, бір қолымен айналмалы қозғалыс жасайды, қолды алмастырады.

2.қолын екі жаққа созып, допты алма кезек алмастырады.

3.Қақпашы допты қолына ұстап тұрады. Еңкііп допты аяқ астынан өткізіп, тез тұрып алдынан тосып алады.

4.Қақпашы алға еңкейіп доптыаяқтан немесе денеден айналдырақозғалыс жасайды. Дәл осылай «сегіз саны» тәрізді қозғалыспен де жасайды.

5.Қақпашы отырып бір аяғын түзу ұстап, допты осы аяқ арқылы қолдан қолға алмастырады.

6.Қақпашы түзу қолға доп ұстап, алға созып түзу тұрады. Алға еңкейіп, допты жоғары арқадан асыра лақтырады. Тез түзуленіп, допты қағып алады.

7.Аяқ арасымен допты жерге соғып, бұрыш жасай артқа тез бұрылып, допты қағып алады.

8.Қақпашы допты оң қолына ұстап тұрады. Допты аяқ арасымен жерге ұрып, жерден серпілген допты қағып алады.

9.Дәл осылай, сол қол арқылы.

10.Қақпашы допты екі қолымен жоғары лақтырып, оны секіріп ұстап алады да, тез 360°-қа бұрылып кеудесіне қысады.

11.Түрлі жағдайларда тұрып (арқамен жатып, ішпен, жанымен жатып) қолда доп-тез тұрып, допты кеудеге қысу.

12.Бастапқы жағдайда жатып, қақпашы допты қағып алып, кеудеге қысады.

13.Бастапқы жағдайдан тізерлеп тұрып, допты кеудеге қысып, жан-жақты құлап тез тұру.

14.Бастапқы жағдайдан аяқты бүгіп, допты екі қолмен ұстап, екі аяқ арасына қойып алға лақтыру. Қайта тосып алып, кеудеге қысып, алға арнау және артқа арнау.

15.Бастапқы жағдайда отырып, допты жерге ұрып, тез тұрып, серпілген допты ұстап, кеудеге қысу.

16.Жеңіл жүгіріс кезінде допты бір қолмен лақтыру. Секіріп тосып алып, кеудеге қысу.

17.қақпашы допты өзінен1-1,5 м қашықтыққа тастап, ұмтылыс жасап тосып алады.

18.Қақпашы қолынан допты басынан асыра ұстап жерге ұрып, аунап түсіп, допты тосып алып кеудеге қысады.

19.Қақпашы әріптесіне қарсы бағытта тұрып 8м қашықтықта допты қақпашыға лақтырып, дауыстайды. Ол тез бұрылып, допты қағып алады.

20.Қақпашы қабырғаға 1,5м қашықтықта тұрады. Әріптесі артынан 5м қашықтықтан допты қабырғаға лақтырады. Қақпашы допты қағып алады.

21.Екі қақпашы. Бір-бірінен 3-5 м қашықтықта тұрады. Біріншісі допты лақтырады, екіншісі екі жұдырықпен кері қайтарады.

- 22.Бастапқы қалыптан допты екі қолдап ұстап лақтырады, тұрып, отырып, жерге түсірмей қағып алу.
- 23.Ішпен жатып допты лақтыру, тез тұрып допты тосып үлгеру.
- 24.Екі қақпашы допты бір-біріне 10 м қашықтықта тұрады. Бір-біріне допты серпілтіп жібереді, қайталау.
- 25.Екі қақпашы допты бір-біріне 10-12м қашықтықта тұрады. Бірі допты екі қолдап жерге лақтырады. Екіншісі допты секіріп тосып алады.
- 26.Дәл осылай, орын алмасады.
- 27.Дәл осылай, бірі теріс қарап тұрады. Ол допты артқа яқ арасымен лақтырады, әріптесі домалап барып допты ұстайды.
- 28.Екі қақпашы бір-біріне 10-12м қашықтықта тұрады. Бірі доппен аунап түсіп, допты әріптесіне бағыттайды. Ол тосып алып кеудесіне қысады.
29. Екі қақпашы доп ұстап бір-біріне 6-8 м қашықтықта тұрады. Допты бір-біріне бірдей лақтырып тосады.
- 30.Қақпашылар бір-біріне 7-8м қашықтықта доппен тұрады. Допты бір-біріне жоғарымен лақтырады.
- 31.Екі қақпашы бір-бірінен 7-8м қашықтықта тұрады. Артына қарап тұрған қақпашының басынан асыра лақтырады. Ол секіріп допты қағып алады.
- 32.Екі ойыншы және қақпашы жаттығады. Қашықтығы 12м . біреуінде доп. Екіншісі аунап түсіп өзіне лақтырылған допты қақпаға бағыттайды. Қақпашы допты қағып алады.
- 33.Дәл жоғарыдағыдай орналасады. Әрқайсысында доп. Олар қақпашыға допты кезекпен соққылайды. Қақпашы тосып алып, алаңға қайта лақтырады. 10-15 соққы беріледі.
- 34.Қақпашы қақпаға орналасады. Допты соғушыларға кезекпен төтеп береді.
35. Қақпашы қабырғадан 6м қашықтықта орналасады. Қатты серпілдердей етіп, допты лақтырады да, тосып алып кеудеге қысады.
- 36.Қақпашы қабырғаға арқамен тұрады. Допты аяқпен қатты соғады. 180°-қа бұрылып серпіліп, кеудесіне қысады.
- 37.Қақпашы қабырғадан 10-12м қашықтықта тұрып допты аяқ өрінің ішкі немесе сыртқы жағымен соққы беріп, ұшқан допты екі қолмен тосыпалып, кеудеге қысады.
- 38.Дәл осылай, тек 3-4 қақпашы болады.
39. Қақпашы қабырғадан 6м қашықтықта кері қайтқан допты тосып алып, кеудеге қысады.
- 40.Екі қақпашы бір-бірінен 12м қашықтықта орналасады. Біреуі допты домалатып немесе ауалатып лақтырады. Екіншісі допты қағып алып кері қайтарады.
- 41.Екі қақпашы бір-бірінен 15м қашықтықта орналасып, допты кезекпен домалатып жібереді. Кері қайтарып отырады.
42. Екі қақпашы бір-бірінен 15-20м қашықтықта орналасып, бір-біріне допты лақтырады.
- 43.Айып алаңынан екі бұрышына екі қақпашы орналасып, бір-біріне аяқ соққысымен допты бағыттайды.
- 44.Қақпа алдына 12м ойыншы доп ұстап тұрады. Оның артына допсыз

- ойыншы орналасады. Допты қақпаға соғады. Екіншісі ұмтылыс жасап кері қайтарады.
45. Екі ойыншы қақпаның оң және сол жағына орналасып, кезекпен қақпаға ендіреді.
46. Ойыншы қақпа сызығынан допты айып алаңына бағыттайды. Қақпашы допты жүгіріп жұдырықпен қайтарады.
47. Бірнеше ойыншы айып алаңынан қақпаға соққы береді. Қақпашы допты қағып, жүгірген ойыншыға береді.
48. Ойыншылар шеңбер бойымен орналасып, бір-біріне доп бере бастайды. Қақпашы шеңбер ортасына орналасып, допты тосу керек немесе аяғымен тоқтату керек. Варианттары: қақпашы допты тез жерге түскенде немесе лақтыру кезінде ала алады.
49. Қақпашы ойыншыға артқа қарап тұрады. Ойыншы допты лақтырады. Қақпашы тез бұрылып, допты қағып кері қайтарады.
50. Екі қақпашы бір-бірінен 2м-де тізелеп тұрады. Әрқайсысында доп. Екеуі де бір-біріне тез темпте допты лақтырады.
51. Екі қақпашы бір-біріне қарсы 3м қашықтықта тізерлеп тұрады. Бір допты оң жағыме, бірі сол жағымен бағыттайды.
52. Дәл осылай, тек мәріптесі қақпашы алдында 10-11м қашықтықта аяқ арқылы соққы береді.
53. Қақпашы допты жоғары лақтырып, артынан екінші допты лақтырады. Секіру арқылы түсіп келе жатқан допты жерге түсірмей тосып алады.

## **ХІІ. Жас футболшылардың дене күшінің дайындығы.**

1. Жас футболшылардың дене күшінің дайындығы
2. Тәсілдік дайындық – спорттық шеберлікті көтерудің негізі.

*Амалдық ұғымы* футболда жеке, топтық командалардың ойыншылардың қимылы қандай да бір мақсатқа жетудегі іс-әрекетті білдіреді. Амал – спорт ойындарының негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Ол тәсілдік дене, психологиялық дайындықты қажет етеді. Жоғары класты командалар үшін аиал ұғымының маңызы зор. Аиал жеке, топтық, командалық қимылдардан, әрекеттерден тұрады.

Бұл шабуылда және қорғаныста ойыншының мүмкіндігінше ептілікті жасауы. Ол допсыз және доппен жасалады.

*Ашылу ұғымы.* Футболшының еркін позицияға шығуы, қарсылас шабуылынан құтылуы. Ашылған ойыншы қарсыласын өз соңынан түсіріп, қақпаға доп алу мүмкіндігі бар. Бос орынға шығу, жылдамдықты арттыруарқылы орындалады. Бағыты алға, артқа, жан-жаққа.

Ойында футболшылар қарсыласты бағындыруға жалған қимыл т.б. жиі қолданады.



Шабуыл жасаушы ойыншы шабуылды қарсыласына шамасы жетпейді. Осы уақытта сандық басымдылық керек болады. Мұндай кездің көптен кездесуі маневр деп аталады және жоғары класты командалар ойын негізінде өте қажетті атрибут болып табылады.

1. Жүгіріп өту. Ойыншылардың екі тобы жиналады. Олар кездеспелі колонна түзеді. Қашықтық 8-10м. Басты ойыншы қарсы допқа допты аяқпен соғып бағыттайды даөзі колонна соңына барып тұрады. Бұл жаттығуды эстафета түрінде жүргізе беруге болады. Әр ойыншы үш реттен орындайды.

2. Үшбұрыш. Үш ойыншы жаттығады. Олар 8м үшбұрыш түзе орналасады. Әріптестер допты бір-біріне кезекпен бағыттайды. Бағыты сағат тіліне қарама-қарсы.

3. Зонадан шығу. Алаңда үшбұрыш тәрізді зона сызылады. Жоғары бұрышта жүргізуші ойыншы Б орналасады. Ол допты А ойыншыдан өткізіп В ойыншыға бағыттап отырады. Бірақ ол сызылған аумақтаншықпау керек. Период бойынша орын алмасады.

4. Номер ретімен. Шектелген бөлімшеде жаттығушылар жаттығады. Әрқайсысына реттік номері беріледі. Ойыншылар оны естеріне сақтайды. Олар реттері бойынша бір-біріне допты беру керек. Соңғысы қайтадан біріншіге береді. Қате жіберген ойыншыға айып салынады.

5. Допқа таласу. Алаңда 15x15м алаңша сызылады. Мұнда 6 ойыншы орналасады. Оның екеуі жүргізуші болып табылады. Қалғандары допты сырқа шығармай, жүргізушіге кездестірмей бір-біріне бағыттайды. Қате жіберген ойыншы жүргізушінің бірі болады.

6. Ашық алаңда 20x15 алаңша сызылады. Жалаушадан сызық бойына 4 қақпа орналастырады.

Әр командада 4 ойыншыдан. Олардың екеуі қақпашы ойынды бастаған топ қарсыластарына доп соғуға ұмтылады. Бұл тек қана ашылу шартында орындалады.

7. Аумақтан – аумаққа. Алаңда 15x40 алаңша белгіленеді. Ол үш аумаққа белгіленеді. Үш команда ойнайды. Әр командада Б ойыншы 1 қақпашы. Қорғаушы шабуыл аумағында екі шабуылшы. Ойыншылардың бір аумақтан екінші аумаққа өтуіне болмайды. Шабуылшы командаларды көршілес аумаққа дәл бағыттау. Бума қарасында пас беруге болмайды. Осылайша бұл жаттығу ойыншының активті түрде қимыл жасауына септігін тигізеді.

8. Пятачок. Алаңда 3 м кеңдікте қақпа орналасады. Қақпа алдына «пяточок» тұрады. Екі команда ойнайды, ойыншылар 3-еу. Шабуылшы команда допты алып жүреді. Бұл команданың ойыншылары допты бір-біріне тез беруге ұмтылады. Моментті пайдаланып, біреуі еркін аумаққа өтеді, яғни «пяточокқа». 5 минуттан кейін орын алмасады. Қорғаушылардың «пяточокқа» кірулеріне болмайды.

### **ХІІІ. Құрал — жабдықтармен оқытудағы түсіндіру, көрсету, айту біліктілігін және білімін жетілдіру.**

1. Алғашқы ойыншының тәсілін түсіндіру және көрсету.
2. Қақпашы тәсілдерін көрсету.
3. Допты тоқтату, аяқпен, кеудемен, баспен.

Қарсыластың жабылуы ұғымы футболдағы ойын барысында кедергі келтірген қарсыластан бос орынға шығу арқылы және допты алу арқылы құтылуды білдіреді. Мұнда өте ептілік қажет. Епті ойыншы қарсыласын жабылуға мәжбүр етеді.

1. Біреуі үшеуге қарсы. Алаңда 10x10м алаңша сызылады. Үш ойыншы бір қорғанушыға қарсы ойнайды. Шабуылшы А, Б және Д ойыншы да бос орынға барады, бағыты басқа. Г ойыншы допты алып жүрген шабуылшыға қарсы тұрады. Мақсаты допты бір жаққа қарай А ойыншыдан шығармау.

2. Алаңда 12x12м алаңша белгіленеді. Бір қорғаушы екі шабуылшыға қарсы тұрады. Шабуылшы қарсылас бір-біріне доп бермес үшін қорғанушы ыңғайлы жер таңдайды. Ойыншылар ойын ауыстырады.

3. Екі қорғаушы. Екі шабуылшыға екі қорғаушы қарсы тұрады. Ойын 15x15 алаңда өтеді. Қорғаушылардың мақсаты допты алып жүрген шабуылшыларды жабу.

4. Қақпаға шабуыл. Алаң ортасында доппен бірге төрт шабуылшы орналасады. Қақпада қақпашымен қатар 4 қорғаушы тұрады. шабуылшылар допты бір-біріне беру арқылы алға жылжиды. Қорғаушылар олардан допты алуға тырысады. Берілген уақыттан соң орын алмасады.

5. Үш қақпа. Алаңда 25x25м алаңша белгіленеді. Үш ойыншыдан ойнайтын екі команда ойнайды. Олар қарсыластарының қақпасына доп соғуы керек.

Әріптесіне допты дәл және уақытында беруді меңгерген ойыншы командаға үлкен табыс, олжа әкеледі. Бірақ доты дұрыс беру – жай ғана іс емес. Оны да жаттығулар арқылы әріптесі дәл қабылдап алу мүмкіндігін тудыру керек.

1. Түзу бойымен. Жаттығу екеуден орындалады. Бір-біріне 4-6м қашықтықта тзу бойымен жылжи отырып, допты бір-біріне береді.

2. Әріптес жүрісіне. Алаңда 8-10м диаметрлі шеңбер сызылады. Ойыншы шеңбер ортасында тұрып, шеңбер сыртымен жүгірген әріптесіне бағыттайды. Жаттығу сағат тілі бағытымен жүреді.

3. Әріптеске қарама-қарсы. Жаттығу екеуден орындалады. Әріптестер позициясы бір-бірінен 25-16м қашықтықта. Біреуі әріптесіне допты береді. Ол ұмтылыс жасап қарсы алады.

4.Екеуі біреуге қарсы. Ойынға үш ойыншы қатысады. Ойын футбол алаңынан бір жартысында өтеді. Екі шабуылшы допты бір-біріне бере отырып, қақпаға жақындайды. Үшінші ойыншы қорғаушы рөлін ойнайды. Шабуылшылар қақпаға доп соғуға тырысады.

5.Диогональді беру. Жаттығушылар допты келесі түрге бөледі. А ойыншы – Б – В – Г т.с.с. Период бойынша орын алмасады.

6.Позиция ауысымы. Төрт ойыншы төртбұрыш түзе орналасады. Біреуі ортаға тұрады. Олар допты ретпен алмасады. Д – А сосын орнына жүгіреді. А – Б т.с.с.

7.Аумақтан аумаққа. Алаңда 40x10 алаңша белгіленеді. Түзу сызықтармен 4 бірдей аумақ сызылады. 1м кеңдікте жалаушалар қадалады. А, Б, В және Г ойыншылары көрсетіп ойнайды.

8.Екі колонна. Қақпадан 40м қашықтықта А және Б ойыншылар тобы орналасады. А тобының әрбір ойыншысында доп бар. Сигнал бойынша А тобының басты ойыншысы келесі команданың біріншісіне береді. Өзі алға қайтқан допты алу үшін жылжиды. Осылайша қайталана береді.

9.Жалашылар арасында. Жаттығу барысы жоғарыдағыдай. Бірақ допты беру жалаушылар арқылы орындалады.

Бұл әрекет өзінің қақпасын қорғауда қолданылады. Бұл да күрделенген әрекетке жатады. Бұл жағдайдағв жаттығуларды жасау барысында алдымен екі қорғаушы бір шабуылшыға қарсы, үшеуі үшеуге, төртеуі төртеуге, т.с.с. үшеу төртеуге қарсы шығуы керек.

1.Әріптесті сақтандыру. Екі қорғаушы қақа алдында, қашықтығы 5м. Шабуылшы пассивті тұрған қорғаушы алдына допты әкеледі. Ол оны айналып өтіп, қақпаға жетуге тырысады.

Екінші қорғаушы шабуылшы қай бағытта өтуін болжап, әріптесін сақтандыру қажет. Соңынан орын алмасады.

2.Қақпашыны сақтандыру. Екі қорғаушы қақпаның екі бұрышына орналасады. Қақпашы ортада. Қақпашының сол жағына бағанаға доп іледі. Қақпашы жүгіріп допты қағуға немесе ұруға тапсырады. Қақпашының оң жағындағы ойыншы қақпаға қарай ығысады.

3. 2x1 ойыны. Алаңда 8 қадамды алаңшада белгіленеді. Шабуылшының біреуі екі қорғаушыға қарсы шығып, қақпаға доп соғуға тапсырады.

4. 3x2 ойыны. Алаңда 30x30 алаңшаға белгіленеді. Онда бағанадан қақпа құрылады. Екі шабуылшы үш қорғаушыға қарсы шығып гол соғуға ұмтылады.

5.Ұжымдық алу. Алаңда 20x20 алаңша сызылады. Екі топ ойнайды. Бір топ допты береді, ал екіншісі алуға ұмтылады. Маневрлер арқылы алушылар шабуыл жасай бастайды. 5 минуттан соң орын алмасады.

#### **14. Оқу жаттығу ойындары кезіндегі командалық әрекеттер.**

1. Оқу жаттығу ойындар кезіндегі әрекеттерді басқару.
2. Оқу жаттығу ойындары кезіндегі демалысты пайдалану.
3. Ойын жиынныңдағы футболшылар әрекеттерін бағалау.

Жасалған жұмыстары футбол ойының шығу тарихы, оның әр кезеңдегі даму сатылары, сол сатылардағы өткізілген оқу-жаттығулардың өткізу әдістемелері қарастырылды. Футбол ойыныңының әрбір даму сатыларында футболшы ағзаларының оқу-жаттығу жүйесіне бейімделуі әр түрлі жағдайларды болғаны байқалады.

Футбол-атлетикалық ойын түріне жататындықтан ол адам ағзасының дене сапарларының жылдамдығын, ептілігін, төзімділігін, күш және иілгіштік қасиеттерінің жетілуіне септігін тигізіп келеді. Ойын барысында футболшы үлкен жүктеме алатын, оның септігі функционалдық мүмкіншілігінің өсуіне, ерік-жігер сапаларын тәрбиелеуге ықпал жасайды.

футбол ойыныңының негізгі екі коллектив арасындағы күрес болғандықтан, олардың ойыншыларының жалпы мақсаты-жеңіс, жеңіске деген ұмтылыс коллективтік іс-әрекетіне өзара көмеке, жолдастық және достық сезімін тәрбиелейтіні белгілі болды.

Футбол ойыныңының алғашқы даму сатысында XIX – ғасырдың басында, спорттық әдістеме тәрбиесінің дамуына ықпал жасайтыны таныла бастады.

Соғыстан кейінгі жылдардан бастап футбол клубтарында жаттығушылар жұмыс атқара бастады. Сол жылдары футбол клубтарының арнайы оқу-жаттығу жоспарлары құрылды. Ойын техникасы мен тактикасына басты назар аударылды.

1950 жылдардың басында футболшылардың жаттығу процестері циклдік сипатта болды.

Жаттығу процесін жоспарымызда апталық, бір айлық және жылдық циклдерде жұмыстардың өткізілу жиілігіне байланысты, кезеңдегі жүктемені түсіру, жаттығудың кезеңдері мен этаптарында олардың көлемі және қарқыныңының өзара байланысын ескеріп отырды.

Оқу-жаттығу процесінде дене-күш дайындығын жетілдіру сабағында, өзара әсер ететін жүктемені әрбір футболшыға жеке жоспар құру арқылы іске асыру қажеттігі туындады. Бұл жерде әр футболшының жеке ерекшеліктеріне, олардың дене-күшінің деңгейіне қарай жоспар жасалынды.

Жеке жаттығудың негізгі формасы болып, жаттықтырушы және дәрігердің бақылауымен футболшының өзінше дайындығы саналады. Жекелей

жаттығудың құрамын: дене-күш, техникалық, тактикалық, психологиялық, дайындықтарын тәрбиелейтін арнайы іріктелген жаттығулар енеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде өткізілген оқу-жаттығудың қай саласын алсақ та, ол дене-күш, техникалық, тактикалық, функционалдық және психологиялық дайындықты дамыту сабағы болып топтап өткізу әдісімен, жекелей дәріс берудің тиімділігі өте маңызды. Әрине тактикалық әдісті үйрету және жетілдіру сабағында және футболшыға жеткілікті түрде сабақ өткізу мүмкін емес.

Зерттеудің тәжірибелеік маңызы футболшылардың оқу-жаттығу процесінің ары қарай дамуы теориялық және ғылыми - әдістемелік негіздегі бағытта болуды көздейді.

*Амалдық ұғымы* футболда жеке, топтық командалардың ойыншылардың қимылы қандай да бір мақсатқа жетудегі іс-әрекетті білдіреді. Амал – спорт ойындарының негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Ол тәсілдік дене, психологиялық дайындықты қажет етеді. Жоғары класты командалар үшін аиал ұғымының маңызы зор. Аиал жеке, топтық, командалық қимылдардан, әрекеттерден тұрады.

Бұл шабуылда және қорғаныста ойыншының мүмкіндігінше ептілікті жасауы. Ол допсыз және доппен жасалады.

*Ашылу ұғымы.* Футболшының еркін позицияға шығуы, қарсылас шабуылынан құтылуы. Ашылған ойыншы қарсыласын өз соңынан түсіріп, қақпаға доп алу мүмкіндігі бар. Бос орынға шығу, жылдамдықты арттыруарқылы орындалады. Бағыты алға, артқа, жан-жаққа.

Ойында футболшылар қарсыласты бағындыруға жалған қимыл т.б. жиі қолданады.

Шабуыл жасаушы ойыншы шабуылды қарсыласына шамасы жетпейді. Осы уақытта сандық басымдылық керек болады. Мұндай кездің көптен кездесуі маневр деп аталады және жоғары класты командалар ойын негізінде өте қажетті атрибут болып табылады.

1. Жүгіріп өту. Ойыншылардың екі тобы жиналады. Олар кездеспелі колонна түзеді. Қашықтық 8-10м. Басты ойыншы қарсы допқа допты аяқпен соғып бағыттайды даөзі колонна соңына барып тұрады. Бұл жаттығуды эстафета түрінде жүргізе беруге болады. Әр ойыншы үш реттен орындайды.

2. Үшбұрыш. үш ойыншы жаттығады. Олар 8м үшбұрыш түзе орналасады. Әріптестер допты бір-біріне кезекпен бағыттайды. Бағыты сағат тіліне қарама-қарсы.

3. Зонадан шығу. Алаңда үшбұрыш тәрізді зона сызылады. Жоғары бұрышта жүргізуші ойыншы В орналасады. Ол допты А ойыншыдан өткізіп В ойыншыға бағыттап отырады. Бірақ ол сызылған аумақтаншықпау керек. Период бойынша орын алмасады.

4.Номер ретімен. Шектелген бөлімшеде жаттығушылар жаттығады. Әрқайсысына реттік номері беріледі. Ойыншылар оны естеріне сақтайды. Олар реттері бойынша бір-біріне допты беру керек. Соңғысы қайтадан біріншіге береді. Қате жіберген ойыншыға айып салынады.

5.Допқа таласу. Алаңда 15x15м алаңша сызылады. Мұнда 6 ойыншы орналасады. Оның екеуі жүргізуші болып табылады. Қалғандары допты сырқа шығармай, жүргізушіге кездестірмей бір-біріне бағыттайды. Қате жіберген ойыншы жүргізушінің бірі болады.

6.Ашыл. алаңда 20x15 алаңша сызылады. Жалаушадан сызық бойына 4 қақпа орналастырады.

Әр командада 4 ойыншыдан. Олардың екеуі қақпашы ойынды бастаған топ қарсыластарына доп соғуға ұмтылады. Бұл тек қана ашылу шартында орындалады.

7.Аумақтан – аумаққа. Алаңда 15x40 алаңша белгіленеді. Ол үш аумаққа белгіленеді. Үш команда ойнайды. Әр командада 6 ойыншы 1 қақпашы. Қорғаушы шабуыл аумағында екі шабуылшы. Ойыншылардың бір аумақтан екінші аумаққа өтуіне болмайды. Шабуылшы командаларды көршілес аумаққа дәл бағыттау. Бума қарасында пас беруге болмайды. Осылайша бұл жаттығу ойыншының активті түрде қимыл жасауына септігін тигізеді.

8.Петачок. Алаңда 3м кендікте қақпа орналасады. Қақпа алдына «петачок» тұрады. Екі команда ойнайды, ойыншылар 3-еу. Шабуылшы команда допты алып жүреді. Бұл команданың ойыншылары допты бір-біріне тез беруге ұмтылады. Моментті пайдаланып, біреуі еркін аумаққа өтеді, яғни «петачокқа». 5 минуттан кейін орын алмасады. Қорғаушылардың «петачокқа» кірулеріне болмайды.

## **15. Бір жылдық кезеңге оқу-жаттығу жүктемесін бөлу.**

Жаттығу жүктемесін бір жылдық кезеңге бөлу.

Футболдан оқу жаттығу және жарыстар жыл бойы өтетін болғандықтан, климаттық және метрологиялық жағдайлардың жиі өзгеріп отыруы, дененің шынығуына ағзаның қарсы тұруын көтеріп және бейімделу мүмкіншілігін кеңейтуге септігін тигізеді.

Спорттың басқа түрінен өткізілетін жаттығуларда, көбінесе қосымша спорт түрі ретінде футбол ойынын қолданылады. Бұл дегеніміз футбол дененің дамуына ерекше әсер етеді, таңдаған спорт түрі бойынша жақсы дайындыққа септігін тигізеді. Футбол ойыны жалпы дене дайындығының жақсы бір құрал болып қызмет атқарады. Әр түрлі бағытты өзгертіп жүгіру, түрлі секіру, құрылымы жағынан әртүрлі сипаттағы дененің қозғалысы, допты алып жүру, қозғалыс жылдамдығы, ерік сапасының дамуы, тактикалық ой – осының барлығы жиылып көптеген бағалы сапаларды жетілдіреді.

Біздің бұл зерттеуіміздің маңыздылығы. Олимпиядалық ойындардың қатарындағы футбол ойыны бойынша Қазақстан футболшыларының дене – күш, техникалық және тактикалық дайындығын жетілдіру, жаттықтыру әдістемесіндегі әлі пайдаланылмаған қордағы жаңа мүмкіндіктерді іздестірумен тығыз байланысты. Сондай мүмкіндіктердің бірі болып футболшылар ағзасының оқу-жаттығу жүктемесіне жеке бейімделуі.

Футболдан оқу-жаттығу, жарыстар жыл бойы әртүрлі климаттық және метрологиялық жағдайлардың лезде өзгеріп отыруына қарамастан өткізіліп, соған ағзаның бейімдігін, мүмкіншілігін және қарсы тұру қабілеттілігін арттыруды қажет етеді.

Футбол ойыны бүкіл дүние жүзі халқының жан тәнімен құмарта шұғылданатын үлкен спорт түрі.

Біздің елде де қазіргі уақытта футбол өнері күн сайын даму үстінде. Қазақстан құрама командасы Азия құрылғы федерация құрамынан шығып, бүкіл әлем бойынша күштілер саналатын Европа елдерінің федерацияға мүше болып енді. Бұл өзгеріс Елімізде футбол өнерін дамыту, дене-күш, техникалық, тактикалық, психологиялық және функционалды дайындықтарын жетілдірудің жаңа әдістері құралдарын пайдалануға септігін тигізуде. Елімізде 90-шы жылдарға қарағанда қазіргі уақытта балалар мен жасөспірімдер арасында футбол өнерінің бұқаралық екі есеге өсіп отыр. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіндегі жаттықтырушыларға талап күшейіп келеді. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде бірінші кезекте шұғылданушылардың дене – күшінің және техниканың дамуына ерекше назар аударылады.

Оқу – жаттығу сабағында берілетін жүктеменің деңгейі шұғылданушылардың дене – күшінің ерекшеліктеріне жүктемені көтеру қабілеттілігіне қарай берілуі тиіс.

Сондықтан да оқу – жаттығу процессінде шұғылданушыларды жоғарыдағы ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Жаттығу барысында жүктемені топтағы шұғылданушыларға бірдей деңгейде беру үлкен қате болып саналады. Әрбір берілген жүктемеге ағзасының жауап беру қабілеттілігін қатаң түрде бақылауымызда ұстау қажет. Бұл жерде жаттықтырушылар дәрігер және психологтармен тығыз байланыста жұмыс атқарулары қажет.

Жиналған мәліметтер бойынша шұғылданушылардың берілген жүктемеге бейімделуі олардың оқу – жаттығу процесінде және жарыстарда түрлі іс – әрекеттерді, күшті жылдамдықты, ептілікті қажетті жерде қажетті мөлшерде пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл жұмыста автордың әдістемелік эксперименталды зерттеулерінің тәжірибесі көрсетілген.

Зерттеу жаңалығы футбол ойынындағы ойыншылардың жүктемелерін орнықтыру сторттың жаттығу әдістемелеріне кіргізіле отырып дене тәрбиесінің жаңа қолайлы түрлері мен жолдарын іздестіру болып табылады.

Зерттеу барысында жоғарғы дәрежедегі футболшылардың және жаңадан бастаған шұғылданушылардың жүктемеге бейімделу тәсілдерін тәжірибеде қолдану жиілігі мен ол тәсіл туралы бар білімдері анықталады.

Футболшылардың түрлі қозғалыстарының тәсілдері, әдістері жиынтығы техника ұғымын құрайды. Футбол ұғымындағы техника қозғалыстарды, аялдауды, қайырылуды, секіруді, финтті, допты алуды, сонымен қатар спецификалық-техникалық қабылдауларды ұсынады. футболда ойыншының техникалық шеберлігі оның аландағы әріптестерінің қарсылығына төтеп беруді, техникалық қабылдауларды дұрыс орындауы қабылдаулар мөлшерімен сипатталады. Қазіргі футболға ойыншының техникалық дамуы, универсалдығы тән. Бұл бірінші кезекте барлық техникалық қабылдауларды меңгеруі және жоғары деңгейде орындай алуы керек. Жоғары класста ойыншыларды дайындау үшін футболдың барлық техникалық арсеналын балалық шақтан бастау қажет. Мұнда үйрету әдістері ұл балалар мен қыз балалар үшін бірдей.

Техникалық қабылдауларда оқыту практикада келесі түрде күрделеніледі. Алдымен аяқпен допқа соққы беру және допты тоқтатумен танысады. Осы қабылдауды жүзеге асырып меңгерген соң 3x3, 4x4, 5x5, 6x6 ойындарына қатысуға болады. Әрі қарай үйренілген қабылдаулар негізінде әр түрлі техникалық қабылдауларды үйренуге кіріседі.

Техникалық қабылдауларды меңгермеген ойыншы футбол ойнауға жіберілмеуі керек.

Алдымен, бар күшімен әдіс үйренуге кіріседі. Баспен соққы беруде әлсіз жел берілген допты қолдану керек.

Оқытылып отырған техникалық қабылдаулардың дұрыс орындалуын қамтамасыз ету үшін, қозғалыстың әрбір деталін білу қажет.

Табанмен допты тебуде соққы беретін аяқ табаны жанына бұрылып тұру қажет. Табанның ішкі жағымен берілген соққы табысты болып табылады. Бұл соққылар күшті емес, бірақ дәлдігімен ерекшеленеді. Қабылдаулармен танысқаннан кейін оны практикада жасап көрумен аяқталады.

Техникалық қабылдаулар бірыңғай жинақы және дара әдістер көмегімен жүзеге асырылады.

Қабылдауларды оқытуда жетекші әдіс болып табылады. Ал оқытуда күрделі қабылдауларды үйретуде, мысалы, аяқпен допқа соққы беру, баспен соққы беру, ұшып келе жатқан допты қағу және қайтару т.б. қабылдауларды үйренуде дара әдістерді қолдану керек болады. Бұл жас футболшылар элементарлы қабылдаулардан біртіндеп күрделене беретін қабылдауларды



меңгеруіне септігін тигізеді. *Дара әдістерді* қабылдау негізінде қателіктер жіберілуі мүмкін. Бұл жағдайда әрбір қабылдаудың қимылдарын жеке-жеке үйрену қажет.

Техникалық қабылдаулардың күрделілігін үйретуде алдымен орнында тұрып, сосын қимылмен, қарсыласпен пассивті, қарсыласпен активті түрде, соңында ойын алаңында жүргізіледі.

Ойыншының қабылдаулары жүзеге асырып көруі уақытпен шектелмейді, әбден жаттығып болған соң, ойын алаңында сыңнан өтеді.

Техникалық қабылдауларды үйрету барысында жаттығушының әрбір уақытта тактикалық есептілігі де қалыптасады. Мұнда келесі тәуелділік орын алады. Ойыншының техникалық қабылдаулары түрлі болған сайын, оның тактикалық потенциалы да көп болады.

Техникалық қабылдауларды бекіту жаттығулар мен қозғалыстарды ойын кезінде жасаумен жүзеге асырылады. Осыған байланысты басты назарда футболшының ойын қимылдарына көңіл бөлу керек. Олардың үйренген техникалық қабылдауларды дұрыс жүзеге асыра білуі олардың ептілігін арттыра түседі, мысалы, бір қабылдау басқа да сапалардың артуына себепші болады. Секіріп баспен соққы беру, соққы беруді де сонымен қатар, секіргіштікті де арттырады.

Допқа аяқпен соққы беру футбол ойынының басты техникасы болып табылады. Орындау қабілетіне қарай ол соққылар ішкі табанмен, табан сыртымен, орта, ішкі және сыртқы т.б. болып бөлінеді. Қабылдауда жаттығу күші бар аяқпен бастау алады. Одан соң барып әлсіздеу аяққа көшеді. Бұл қабылдауды жаттығуда келесі әдісте есте сақтаған жөн: қимылсыз тұрған допқа соққы беру, қадам басып, қимылды допқа соққы беру, жүгіріп келіп қимылсыз допқа, жүгіріп келіп қимылды допқа соққы беру. Бұл жағдайларда доп бағытының дұрыстығына назар аудару керек. Сонымен қатар берген соққылардың техникалық қабылдауларға сәйкес келуін қамтамасыз етуі керек. Қабылдауларды жүзеге асыруда соққының дәлдігі, сонан соң күші ескеріледі.

## Қорытынды

Өмір көрсеткендей ешқандай ойын, егерде жақсы ойыншылары болмаса нәтиже бермейді. Футболшы көптеген қажетті қасиеттерге ие болуы керек. Футболдағы әр ойыншы доп алып жүру, дәл пас, қақпаға допты тура бағыттау білуі керек. Осылармен бірге ол бүкіл ойын бойы түсетін ауыртпалыққа шыдай білуі керек. Футболда басты, маңызды ол ойыншылардың өз денесі мен допты игеруі. Міне осыларға байланысты ойыншы, егерде жарыстарда жақсы жетістіктерге жеткісі келсе, өзінің дайындығына басты назар аударуы керек. Ал осындай дайындық өзіне жоғары физикалық дайындықты, әр түрлі техникалық ойды қажет етеді. Осындай дайындықтың әр бір бөлігі бір бүтіндей болуы керек. Физикалық дайындық ол физикалық жұмыс жасау қабілеті немесе футболшының физикалық жағдайы немесе күш, ептілік, икемділік, жылдамдық және шыдамдылық секілді физикалық қасиеттердің жиынтығы.

1. Қалалық «Былғары доп». 8-9 сыныптар арасында, I - орын ұлдар, 2014 ж.
  2. Қалалық кіші футбол. 10-11 сыныптар арасында, I орын қыздар, 2014 жыл.
  3. Қалалық кіші футбол. 10-11 сыныптар арасында, I орын ұлдар 2014 ж
  4. Қалалық кіші футбол. 8-11 сыныптар арасында, I орын ұл-қыздар, 2015 ж.
  5. Облыстық лига футбол ойыны. 8-9 сыныптар арасында, I орын ұлдар 2015
  6. Облыстық лига футбол ойыны. 9-10 сыныптар арасында, 3 орын қ. 2015 ж.
  7. Облыстық «Былғары доп». 8-9 сыныптар арасында, I орын ұлдар 2015 ж.
  8. Қалалық «Шағын футбол» 10-11 сыныптар арасында, I орын ұлдар, 2016 ж.
  9. Қалалық «Шағын футбол» 3-4 сыныптар арасында, I орын ұлдар, 2016 ж.
  10. Қалалық «Шағын футбол» 3-4 сыныптар арасында, I орын қыздар, 2016 ж
  11. Қалалық «Шағын футбол» 5-7 сыныптар арасында, I орын қыздар, 2016 ж
  12. Облыстық «Шағын футбол» 10-11 сыныптар арасында, II орын ұлдар 2016.
  13. Облыстық «Шағын футбол» 10-11 сыныптар арасында, II орын ұлдар 2017
  14. Қалалық «Шағын футбол» 3-4 сыныптар арасында, I орын 2017 жыл.
  15. Қалалық «Былғары доп» 3-4 сыныптар арасында, I орын 2017 жыл.
  16. Қалалық «Былғары доп» 8-9 сыныптар арасында, I орын 2017 жыл.
  17. Облыстық «Шағын футбол» 9-10 сыныптар арасында, I орын 2017 жыл.
- 2015 - 1 орын Үздік мектеп футбол ойыны бойынша.  
2016 - 1 орын Үздік мектеп футбол ойыны бойынша.  
2017 - 1 орын Үздік мектеп футбол ойыны бойынша.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Ашмарин Б.А. Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании (пособие для студентов, аспирантов и преподавателей институты физической культуры) М.: Ф и С, 1978
2. Качалин Л. Горский. Тренировка футболистов. Спорт словацкое физкультурное издательство, Братислава, 1984
3. Футбол. Учебник для вузов. Под. Ред. Казаков П.Н. М.: Ф и С, 1976
4. Айкенов Ж., Азнаев М., Құрымбаев Е., Ерепбаев Н. Футбол ойыны. - Шымкент. 2009.- С.83
5. Андреев С. Н. Мини-футбол. – М: Дене шынықтыру және спорт, 1978. – 111 б.
6. Аркадьев Б. Сборник / сост. А. А. Горбунов. – М: Дене шынықтыру және спорт, 1990. – 335 б.
7. Симаков В. И. Футбол. – М: Советтік Россия, 1996. – 109 б.
8. Фесуненко И. Бразилия, футбол, торсида.– М:ОЛМА-ПРЕСС, 2003.– 543 б.